First, archivists need a strong level of digital fluency. This means understanding the basic structure of digital information – how files, file systems, storage media, and networks function.

Archivists do not necessarily need to become software engineers, but they do need to understand how digital information is created, organized, and stored in order to make informed preservation decisions. Without that base level digital fluency about the nature of digital information we are unable to be certain about the facts and integrity of our data.

Second, archivists benefit from developing some level of computational literacy, particularly the ability to work with data and automate tasks through scripting. Digital collections often involve thousands or millions of files, and many preservation and processing actions must therefore occur at scale. Familiarity with command-line tools and scripting languages can allow archivists to automate routine tasks, analyze collections, and design efficient workflows. As artificial intelligence tools and large language models increasingly assist with scripting and automation, this kind of foundational understanding will likely evolve and become different but in some ways it will become even more important. Archivists will need to understand the underlying structure of digital materials in order to evaluate whether automated tools are producing reliable results.

Third, and often overlooked, archivists increasingly need strong skills in project and program management. Digital preservation involves implementing systems, designing workflows, evaluating tools, and coordinating work across teams. Archives are constantly adapting to new technologies and new forms of records. As a result, archivists must be able to scope projects, document workflows, test new tools, and continually refine processes as technologies evolve.

In many ways, the “archivist of the future” will be someone who combines traditional archival principles – such as appraisal, provenance, and context – with these additional forms of technical and organizational literacy. The core mission of archives remains the same, but the tools and environments in which that work takes place continue to evolve.

6. Life expectancy compared to rapid technological changes: *Many archival institutions fear the rapid obsolescence of equipment and formats. From your point of view, how can we create future-oriented archives in an era when technology changes every 3-5 years?*

All institutions worry about rapid technological change, but those changes are particularly vexing for archival institutions as they need to persist forward digital records that accrete from those changes as they occur over time. Hardware fails, software becomes obsolete, and file formats come in and out of fashion. However, the key to building future-oriented archives is not trying to stop or outlast technological change. Instead, it is designing preservation systems that can adapt to that change over time.

One of the points I stress up front in *The Theory and Craft of Digital Preservation* is that a repository is not a piece of software. Software cannot preserve anything on its own. A repository is the combination of financial resources, hardware infrastructure, staff expertise, and institutional policies that together ensure long-term access to digital materials. Any specific software platform used to manage digital collections is temporary.

For this reason, digital preservation workers should always assume that systems will change. Archives need to be prepared to migrate collections and metadata from one system to another as technologies evolve. This means selecting systems that allow institutions to export their data, documenting workflows carefully, and maintaining clear control over files and metadata outside of any single software platform.

It is also important to recognize that there is no software that “does” digital preservation automatically. Digital preservation is an ongoing organizational activity that involves monitoring collections, refreshing storage media, migrating systems, and updating workflows over time. The goal is not to create a system that lasts forever, but to create institutions and processes that can successfully carry collections forward through many generations of technology.

When archives focus on building that kind of institutional resilience – staff expertise, documented workflows, and flexible infrastructure – they become far better positioned to preserve digital heritage even as the technologies around them continue to change.

7. Artificial intelligence (AI) and large-scale collections: *With the exponential growth of archival collections in Kazakhstan, there is growing interest in using AI and machine learning for automated description and discovery. Based on your research, what are the biggest opportunities and ethical risks for archives when implementing AI tools to manage national digital heritage?*

Artificial intelligence is rapidly becoming one of the most widely discussed issues in libraries and archives. This is true for a wide range of other fields but given the central role that information management and processing play in the practices of archives, it makes sense that these discussions are happening here too. While the technologies are evolving quickly, we can already see both significant opportunities and important risks in how they might be applied to archival collections.

On the opportunity side, AI tools have considerable potential to assist with the processing, description, and discovery of large digital collections. Archivists have already been experimenting for more than a decade with machine learning and natural language processing to support activities such as entity extraction, transcription, language translation, and clustering of documents. Large Language Models extend these capabilities by making it easier to generate summaries, assist with metadata creation, and help users explore collections through conversational interfaces.

At the same time, it is critical that the implementation of these tools remain grounded in archival expertise and professional judgment. In a talk I gave more than a decade ago titled *Mecha-Archivists: Envisioning the Role of Software in the Future of Archives*, I argued that software should be understood as augmenting archival work rather than replacing it. Archivists and subject experts must remain responsible for designing workflows, setting standards, and determining how automated outputs are evaluated and used.

The most significant reputational risk in this area relates to trust. Archives derive their authority from the reliability and integrity of the records they preserve and the descriptions they provide. Many contemporary AI systems, particularly Large Language Models, are designed to generate plausible language rather than verified facts. If archives begin to populate descriptive metadata or access systems with unverified or fabricated “AI Slop”, they risk undermining the trust that users place in archival institutions.

For this reason, it is essential that any use of AI in archival workflows be carefully documented, reviewed, and evaluated. Automated outputs should be treated as suggestions or starting points rather than authoritative descriptions.

Finally, archivists should also pay close attention to how AI is changing the ways people search for and interpret information. Many users are increasingly turning to conversational interfaces rather than traditional search systems. Archives will need to consider how their collections can remain visible and accessible within these emerging information environments. If archival collections are not integrated into the tools people use to discover knowledge, there is a real risk that valuable historical sources will become less visible in public understanding.

We sincerely thank you, Mr. Trevor Owens, for taking the time to provide such thoughtful and detailed answers to our questions. We wish you continued professional success and many new and exciting projects and research endeavors.

Архив ісіндегі медиа-коммуникация: «Archives in context» подкастының тәжірибесін талдау

Б.Б. Ақтайлақ

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Астана қ., Қазақстан
bakytzhan.aktailak@gmail.com

Андатпа. Мақалада жаһандық цифрландыру және «жаңа медиа» дәуіріндегі архив ісінің трансформациялану мәселелері қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде Америкалық архившілер қоғамының тарапынан жүзеге асырылатын «Archives in context» атты кәсіби подкасты алынды. Автор дәстүрлі ғылыми коммуникация арналарымен қатар, подкастың технологиясының архившілер қауымдастығын дамытудағы және тарихи жадыны сақтаудағы бірегей рөлін жан-жақты талдайды.

Зерттеу барысында кешенді әдістеме қағидаттарына сүйене отырып, тақырыптық ауқымды анықтау үшін мазмұндық талдау (контент-анализ), архившілердің кәсіби тәжірибесін баяндау ерекшеліктерін ашу үшін нарративті талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған подкаст архив мекемелерінің «жабық» жүйеден ашық қоғамдық диалог алаңына көшуіне ықпал етеді. Жоба архившілердің «сахна сыртындағы» күрделі әрі эмоционалды еңбегін, құжаттарды жинақтаудағы этикалық дилеммаларды көпшілікке түсінікті тілде жеткізудің тиімді құралы болып табылады.

Мақала соңында шетелдік озық тәжірибені Қазақстанның архив жүйесіне бейімдеу және ауызша тарих бағытын жаңғырту бойынша нақты ғылыми-практикалық ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: архив, Америкалық архившілер қоғамы; подкаст; кәсіби коммуникация; тарихи жады; цифрлық медиа; архивтік құжаттар

Медиа-коммуникация в архивном деле: анализ опыта подкаста «Archives in context»

Б.Б. Ақтайлақ

Архив Президента Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан
bakytzhan.aktailak@gmail.com

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы трансформации архивного дела в эпоху глобальной цифровизации и развития «новых медиа». В качестве основного объекта исследования выбран профессиональный подкаст «Archives in context», реализуемый Обществом американских архивистов. Автор проводит всесторонний анализ уникальной роли технологии подкастинга в развитии профессионального общества архивистов и сохранении исторической памяти, рассматривая его как важное дополнение к традиционным инструментам научной коммуникации.

В ходе исследования применялась комплексная методология, которая включала: контент-анализ для определения тематического диапазона эпизодов, нарративный анализ для раскрытия особенностей изложения профессионального опыта архивистов. Результаты исследования показывают, что данный подкаст способствует переходу архивных учреждений от модели «закрытой» системы к формату открытой площадки для общественного диалога. Доказано, что аудиоформат является эффективным инструментом для трансляции «закулисной», сложной и зачастую эмоциональной работы архивистов, а также обсуждения этических дилемм при комплектовании документов на доступном для широкой аудитории языке.

В заключении представлены конкретные научно-практические рекомендации по адаптации и внедрению передового зарубежного опыта в архивную систему Казахстана и модернизации направления устной истории.

Ключевые слова: архив; Общество американских архивистов; подкаст; профессиональная коммуникация; историческая память; цифровые медиа; архивные документы

Media communication in archival science: analysis of the «Archives in context» podcast experience

B.B. Aktailak

Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
bakytzhan.aktailak@gmail.com

Abstract. The article examines the critical transformation of archival science in the era of global digitalization and the rise of «new media». The primary focus of the study is the professional podcast Archives in Context, produced by the Society of American Archivists. Through a comprehensive analysis, the research elucidates the unique role of podcasting technology in advancing professional archival communities and preserving historical memory, positioning it as a vital adjunct to traditional scholarly communication.

Utilizing a multifaceted methodology – including content analysis to determine thematic scope and narrative analysis to reveal the nuances of professional archival discourse – the study demonstrates that podcasting facilitates a shift from «closed» institutional systems to open platforms for public engagement. The findings corroborate that the audio format serves as an effective instrument for articulating the «behind-the-scenes», complex, and often emotive aspects of archival labor, while also addressing ethical dilemmas in records appraisal in a language accessible to broader audiences.

The article concludes with evidence-based recommendations for adapting and integrating international best practices into the archival system of Kazakhstan and modernizing the field of oral history.

Keywords: archive; Society of American Archivists; podcast; professional communication; historical memory; digital media; archival collections

Kіpіcne

XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі жаһандық цифрландыру үдерісі және цифрлық гуманитаристика бағытының қарқынды дамуы архив саласына түбегейлі өзгерістер әкелді. Дәстүрлі түсініктегі архив тек құжаттарды жинақтау, сақтау және пайдалану функцияларын атқаратын жабық мекеме ретінде қабылданып келсе, бүгінгі таңда бұл институттар белсенді ақпараттық-коммуникациялық орталықтарға, тарихи-мәдени жадыны таратушы қоғамдық кеңістікке айналуға. Архивтік парадигманың «құжатқа бағдарланған» тәсілден «пайдаланушыға бағдарланған» жүйеге ауысуы кәсіби қауымдастықтан коммуникацияның жаңа стратегияларын талап етеді.

Осы орайда, ғылыми және кәсіби білімді таратудың дәстүрлі құралдары (рецензияланатын журналдар, монографиялар, конференциялар) маңыздылығын жоғалтпағанымен, заманауи аудиториямен байланыс орнатуда жаңа медиа форматтарының, соның ішінде подкасттің маңызы артып отыр.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «подкаст – әртүрлі тақырыптар бойынша ғаламторда жарияланатын аудио немесе бейнефайл. Подкаст ретінде аудиокітап не музыкалық композицияны атауға болады», – деп көрсетілген (Құрманбайұлы 2019). Біздің жағдайымызда архивтік подкаст – аудиовизуалды мұра мен кәсіби нарративті біріктіретін, ақпаратты тұтынудың икемділігін қамтамасыз ететін бірегей құрал. Бұл архившілерге «қатаң» академиялық стильден тыс, еркін форматта кәсіби тәжірибе бөлісуге, архив қорындағы «үнсіз» құжаттарға жан бітіруге және мамандықтың оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Архив саласында подкасттің сияқты жаңа технологиялық трендтерді сәтті жүзеге асыру үшін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің рөлі жоғары. Технологиялардың жылдам өзгеруі жағдайында подкаст жасаудың жаңа әдістері мен құралдарын қалыптастыру –

архив мамандарының құзыреттілігін арттыру мен білім сабақтастығын сақтаудың маңызды көрсеткіші болып табылады (Мустафина 2023: 108).

Бұл зерттеу жұмысының өзектілігі халықаралық тәжірибедегі сәтті медиа-кейстерді талдау арқылы отандық архив ісін жаңғырту қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу нысаны ретінде әлемдегі ең ірі кәсіби ұйымдардың бірі – Америкалық архившілер қоғамының (бұдан ары – ААҚ) «Archives in Context» подкасты таңдалып отыр. Бұл жоба жай ғана ақпараттық ресурс емес, ол ААҚ-ның Басылымдар алқасы, American Archivist журналы және Қоғамдық хабардар ету комитетінің бірлескен зияткерлік өнімі болып табылады.

Архив саласындағы подкаст жүргізу тақырыбы бойынша зерттеулердің тарихнамасы бұл бағыттың қарапайым ақпарат тарату құралынан күрделі ғылыми әдістемеге, «архивтік белсендіру» құралына және академиялық білімді гуманитарландыру тәсіліне дейін жетілгенін көрсетеді.

Шетелдік тарихнамада архивтердің «Web 2.0» кеңістігіндегі белсенділігі кеңінен қарастырылып, подкастинг феномені кәсіби рефлексия құралы ретінде зерттелген еңбектер қатарында А. Флин мен К. Сеймер жұмыстарын атауға болады (Flin 2011; Theimer 2010).

Жалпы алғанда, архив саласындағы подкаст жобаларын шетелдегі зерттеулердің негізгі кезеңдері мен бағыттарын шартты түрде үш кезеңге жүйелеуге болады. Бірінші кезең 2004–2014 жылдарды қамтып, подкастингтің қалыптасу кезеңі болды. Бұл кезеңдегі зерттеулер подкасттың технологиялық табиғатына және оның «әуесқойлық радио» ретіндегі рөліне баса назар аударады. Алғашқы еңбектер подкастингді кітапханалар мен архивтердегі ресурстарды насихаттау және пайдаланушыларға бағыт-бағдар беру құралы ретінде қарастырды. Т. Кассучи, Р. Виттманн және К. Треттин атап өткендей, академиялық мекемелер подкастты алғашқыда тек өз қызметтері туралы ақпарат бөлісу үшін ғана пайдаланды (Casucci 2025). Бұл кезеңде подкасттың білім беру саласындағы дидактикалық мүмкіндіктері, атап айтқанда тыңдау мен сөйлеу дағдыларын дамытудағы рөлі зерттеле бастады (Баймуратова 2025).

Екінші кезеңде (2014–2020 жылдар) зерттеулердің кәсібиленуі байқалады. Осы кезеңде ағылшын тілді аудитория үшін «Serial» подкастының маңызы жоғары болды. 2014 жылы шыққан «Serial» подкастынан кейін зерттеушілер «нарративті деректі подкаст» форматына көңіл бөле бастады (Tennant 2024).

Осы кезеңнен бастап архивтік материалдар (сот жазбалары, ескі аудиожазбалар) подкасттардың негізгі мазмұнына айналды (Rodríguez-Ortiz 2025; Неренц 2024). Зерттеушілер подкасттың «тарихи үнсіздіктерді» жою және ресми құжаттарда жоқ дауыстарды естірту мүмкіндігін талдай бастады. Бұл кезеңде подкасттар тарихи жадты жаңғыртудың және ұлттық һәм аймақтық бірегейлікті қалыптастырудың тетігі ретінде танылды (Tennant 2024; Лопачев 2025).

2020 жылдан бастап бұл салада жаңа әдістемелік бұрылыс орын алды. Бұл зерттеудің үшінші кезеңінің басталғандығының белгісі еді. Подкаст – зерттеу нысаны және формасы ретінде танылды. Қазіргі кезеңдегі зерттеулер подкастингді тек құрал емес, дербес ғылыми әдістеме ретінде қарастырады.

Мәселен, Э. Хедрик зерттеуді дәстүрлі мәтін түрінде емес, аудио форматта ұсынудың ашықтығы мен қолжетімділігін зерттеді (Headrick 2024). Е. Скрастинс архивтік жазбалар негізінде подкаст-пьеса жасау арқылы зерттеушінің үстемдігін азайтып, архивтік дауыстардың тікелей сөйлеуіне мүмкіндік беретін әдісті ұсынды (Skrastins 2025). К. Бердсолл және М. Дюринг «Радио архившілерінің ауызша тарихы» жобасы арқылы ресми құжаттарда жазылмаған, тек архившілердің жадында сақталған білімді подкаст форматында жинақтаудың маңыздылығын көрсетті (Birdsall 2025).

Соңғы кездегі зерттеулерде подкаст «архивтік белсендіру» құралы ретінде сипатталады. У. Маккензи-Виттер архивтік материалдарды дыбыс дизайнымен және сұхбаттармен

ұштастыру арқылы маргиналданған топтардың тарихын жаңғырту әдістемесін дамытты (McKenzie-Witter 2024). Р. Родригес-Ортис және М. Фернандес-Санде Латын Америкасындағы подкасттарды талдай келе, дыбыстық архивтердің хикаяға эмоционалдық тереңдік пен сенімділік беретінін атап өтті (Rodríguez-Ortiz 2025). Бұл зерттеулер подкасттың сандық кітапханадағы нақты бір архивтік элементтің қолданылуын арттыратынын, бірақ бүкіл топтамаға әсері шектеулі болуы мүмкін екенін көрсетті.

Зерттеулердің тағы бір бағыты – архивтер мен кітапханалардың креативті индустрияларға интеграциялануы. Е. Касянчук және И. Цветочкина подкастинді кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің инновациялық формасы және студенттердің шығармашылық әлеуетін іске асыру құралы ретінде қарастырады (Касянчук және Цветочкина 2024). Подкасттардың монетизациясы және «жеке бренд» концепциясының архивтік және ғылыми подкасттарға әсері де зерттеу нысанына айналды (Ананьина 2025).

Зерттеу тақырыбына қатысты отандық ғылыми еңбектерде архив саласындағы подкастин тәжірибесіне қатысты зерттеулер жоқтың қасында. Алайда ақпараттық технологиялардың архив саласына әкелген өзгерістер жайлы біршама еңбектер бар. Мәселен, Қ.Ш. Әлімғазинның еңбегінде интернет пен медиатеchnологиялар жай ғана ақпарат алмасу құралынан қоғамдық қатынастардың мазмұнын түбегейлі өзгерткен дәуірдің басталуына әкелгендігін айтады. Зерттеуде виртуалды кеңістіктің әлеуметтік мінез-құлық пен тарихи танымның жаңа мазмұнын қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылған (Алимгазин 2014).

Т. Затонскаяның «Қазақстандағы цифрлық дәуірдегі медиа трансформациялар» атты зерттеуі архивтік подкасттардың дамуына негіз болған жалпы медиа-ландшафттағы өзгерістерді түсіну үшін маңызды теориялық негіз болып табылады (Zatonskaya 2021). Автор өз еңбегінде Қазақстанның медиа нарығындағы түбегейлі өзгерістерді, соның ішінде интернет, смартфондар және әлеуметтік желілердің дамуы нәтижесінде пайда болған жаңа коммуникациялық арналарды талдайды.

Ал Ә.Қ. Мұстафинаның зерттеулерінде Қазақстан архивтерін ақпараттандырудың әдістемелік мәселелері қарастырылған. Автор архив мамандарының бірлігін арттыру мен ғылыми-әдістемелік базаны жетілдірудің стратегиялық маңызын ерекше атап өтеді (Мустафина 2023). Технологиялардың жылдам өзгеруі жағдайында подкаст жасаудың жаңа әдістері мен құралдарын қалыптастыру – архив мамандарының құзыреттілігін арттыру мен білім сабақтастығын сақтаудың маңызды көрсеткішіне айналып келеді.

Қазіргі кезеңдегі зерттеулерде мәдени мұра мекемелерінің, соның ішінде музейлер мен архивтердің подкаст форматына көшуі олардың білім беру және коммуникативтік функцияларын кеңейту контекстінде талқылануда. Мәселен А. Калижанова және басқалардың «Мәдениеттер диалогы жағдайындағы білім беру музейлік подкасттарын қолдану әлеуеті» атты еңбегінде аудио-контенттің мәдениетаралық байланыс орнатудағы рөлі мен оның ағартушылық мүмкіндіктеріне басымдық беріледі (Kalizhanova 2023). Бұл архивтік подкасттарды зерттеудегі институционалдық тәсілдердің қалыптасуын айқындайды.

Сондай-ақ, қазақстандық зерттеушілер А. Калижанова мен М. Бедельбаева подкастиннің музейлік және археологиялық мұраны дәріптеудегі рөліне тоқтала отырып, бұл форматтың мәдениетаралық диалогты нығайтудағы әлеуетін ашады (Kalizhanova et al. 2025). Олардың еңбегінде подкасттардың цифрлық коммуникациялық хаб ретіндегі қызметі мен студенттердің білім алу процесіндегі маңызы ерекше атап өтіледі. Бұл зерттеу отандық ғылымда аудио-визуалды мұраны заманауи медиа-технологиялар арқылы зерттеудің жаңа бағытын көрсетеді.

Тақырыптың зерттеу тарихнамасын түйіндегенде бұл бағыттың ақпараттық технологиядан толыққанды гуманитарлық зерттеу әдістемесіне айналғанын, архивтік мұраны де-

мократияландыру және институционалдық жақты сақтаудың қуатты құралына айналғанын айқындайды.

«Archives in Context» жобасы архившілердің көпшілік көзінен тасада қалып келген еңбегін, құжаттарды жинақтаудағы этикалық мәселелерді және жадыны сақтау процессіндегі эмоционалдық аспектілерді ашып көрсетуімен құнды.

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – аталған подкасттың мысалында архив саласындағы заманауи ғылыми-көпшілік медианың құрылымдық, мазмұндық және коммуникативтік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдау. Бұл тәжірибені зерделеу архивтің қоғамдағы әлеуметтік институт ретіндегі рөлін жаңаша пайымдауға және Қазақстанның архив жүйесіне инновациялық ақпараттық құралдарды енгізуге септігін тигізеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Америкалық архившілер қоғамының ресми платформаларында жарияланған «Archives in Context» подкастының материалдары мен сипаттамалары алынды.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми әдістер, атап айтқанда: сипаттамалық әдіс (подкасттың құрылымын анықтау үшін), мазмұндық талдау (контент-анализ – тақырыптық бағыттарды зерделеу үшін) және жүйелеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер

Жүргізілген талдау жұмыстары «Archives in Context» подкастының жай ғана ақпараттық хабарлама емес, кәсіби қауымдастықты біріктіруші кешенді платформа екенін көрсетті.

Біріншіден, жобаның ұйымдастырушылық құрылымы оның академиялық және қоғамдық маңыздылығын айғақтайды. Подкаст ААҚ-ның үш бірдей беделді құрылымының бірлескен өнімі болып табылады. Бұл коллаборация архив саласындағы ғылыми зерттеулер мен қоғамдық насихат жұмыстарының біртұтас жүйеге біріккенін көрсетеді.

Екіншіден, подкасттың техникалық және шығармашылық құрамы кәсіби деңгейде ұйымдастырылған. Бұл архивтік контенттің заманауи аудиторияға сапалы аудио өнім ретінде ұсынылуы қажеттігін дәлелдейді.

Үшіншіден, мазмұндық тұрғыдан алғанда, подкаст архивші мамандығының статикалық емес, үнемі дамып отыратын құбылыс екенін көрсетеді. Эфирде кәсіби саланы жаңа бағыттарға бұрып жатқан мамандармен сұхбаттар жүргізіліп, архив жұмысының «сахна сыртындағы» процестері ашылады.

Талқылау

Қазіргі таңда архив ісі кәсіби тұрғыдан тұрақты даму үстінде, бұл архившілердің рөлі мен қызметінің жаңа бағыттарын айқындауды талап етеді. Осы тұрғыда біздің зерттеу нысанына алынған подкаст-жобасы архив ісі мамандарының кәсіби тәжірибесін зерделеуге және саланың ішкі мазмұнын ашуға бағытталған маңызды коммуникациялық платформа ретінде көрінеді (SAA 2026a).

Жобаның ресми веб-ресурсындағы ақпараттарға сүйенсек, аталған жобаның негізгі мақсаттары мен функционалдық ерекшеліктерін бірнеше аспектіге бөліп қарастыруға болады:

- мазмұндық эволюция және жадыны сақтау құралы. «Archives in Context» архив ісіндегі өткен мен бүгінді байланыстырудың әдістерін, сондай-ақ жадыны сақтаудың маңызды әрі эмоционалдық қырларын талқылауға арналған. Жобада мамандықтың заманауи сын-қатерлері мен оларды шешудің бірегей тәсілдеріне баса назар аударылады.

- диалогтық формат және ішкі көзқарас. Платформа сала мамандарымен тереңдетілген және серпінді сұхбаттар жүргізу арқылы архивтердің «көрінбейтін» жұмысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жобаға қонақ ретінде қатысу және кәсіби қауымдастықпен өзара әрекеттесу мүмкіндігі қарастырылған.

Тұтастай алғанда, бұл жоба архивтану саласындағы теориялық білім мен практикалық тәжірибені ұштастыратын кәсіптің жаңа бағыттарын насихаттайтын заманауи құрал болып табылады.

Жобаның табыстылығы мен мазмұндық тереңдігі оның командалық құрамының жоғары кәсіби деңгейімен және пәнаралық әртүрлілігімен айқындалады. Команда мүшелері АҚШ пен халықаралық деңгейдегі жетекші академиялық және ғылыми мекемелердің өкілдері болып табылады (SAA 2026b).

Команданың құрылымы мен мамандану бағыттарын келесідей жүйелеуге болады:

1. Академиялық және зерттеушілік база. Жобаның негізгі жүргізушілері мен үйлестірушілері Гарвард университеті (Эмили Мэтэй), Йель университеті (Камила Зоррилья Тесслер, Мэри Кальдера), Нью-Йорк университеті (Лорен Ката) және Вашингтон университеті (Конор Кейси) сияқты әлемдік деңгейдегі орталықтарда қызмет атқарады. Бұл өз кезегінде жобаның теориялық және практикалық негізінің заманауи архивтану стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2. Қауымдастық архивтері және әлеуметтік бағыт. Жоба командасының ерекшелігі – олардың архив ісін гуманизациялау мен әлеуметтік әділдік мәселелеріне баса назар аударуында. Мысалы Адрионна Беннетт қауымдастықтармен өзара әрекеттесу және афроамерикандық тарихты сақтаумен айналысса, Конор Кейси еңбек архивтері саласындағы танымал маман ретінде танылған.

3. Кәсіби көшбасшылық. Команда мүшелері мен жоба негізін қалаушылар (Николь Милано, Бетани Андерсон, Колин Макфарланд Радемейкер) Америкалық архившілер қоғамының басқару органдарында, атап айтқанда Басылымдар кеңесі мен Этика комитетінде жетекші рөлдерді атқарады. Бұл жобаның салалық стандарттарды қалыптастырудағы стратегиялық маңызын көрсетеді.

4. Техникалық және инновациялық бағыт. Команда құрамында цифрлық архивтер, мета-деректер (Стефани Люк) және техникалық қызмет көрсету (Мэри Калдера) саласындағы сарапшылардың болуы подкасттың ақпараттық технологиялар мен архивтік технологиялардың түйіскен жеріндегі мәселелерді терең талдауына мүмкіндік береді.

Команданың мұндай институционалдық және тақырыптық әртүрлілігі жобаны тек ақпараттық ресурс емес, архив ісінің күрделі мәселелерін зерттейтін маңызды академиялық алаң деңгейіне көтереді.

Сонымен қатар, «Archives in Context» жобасының хабар тарату тарихы мен эпизодтар жиілігін зерттеу оның архивтану саласындағы маңызды медиа-платформаға айналу жолын айқын көрсетеді. Жобаның дамуын бірнеше негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Жоба өз қызметін 2019 жылдың қаңтарында 1-маусыммен бастады. Алғашқы екі маусым (2019 жылдың қаңтары мен қыркүйегі) 14 эпизодты қамтып, негізінен саланың іргелі тұлғаларымен (Питер Уош, Мишель Касвелл, Кэтлин Роу) сұхбаттарға және архив ісінің теориялық негіздеріне арналды. Бұл кезеңде эпизодтар санының тұрақтылығы (әр маусымда 7 эпизодтан) және классикалық архивтану тақырыптарының басымдығы байқалды (SAA 2026c).

Covid-19 пандемиясының басталуы жобаның мазмұндық бағытына айтарлықтай өзгерістер енгізді. 2020 жылдың наурызында жарық көрген 3-маусым (барлығы 4 эпизод) кәсіби рефлексияға бағытталса, 2020 жылдың тамызында басталған 4-маусым (барлығы 7 эпизод) пандемия жағдайындағы жұмыс мәселелерін қозғай бастады.

2020–2021 жылдар аралығында (4-5 маусымдар) жоба 13 эпизод ұсынып, ең белсенді кезеңдердің бірін өткерді. Осы кезеңде «Архив қызметкерлерінің төтенше жағдай қоры» (ағыл. – Archival workers emergency fund) сияқты дағдарысқа қарсы бастамалар мен «Archives for Black lives» секілді әлеуметтік әділдік мәселелері алдыңғы қатарға шықты. Бұл пандемияның тек денсаулық сақтау емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық және кәсіби сын-қатерлеріне берілген жедел жауап болды.

Пандемиядан кейінгі кезеңде жоба эпизодтарының жиілігі маусымына 4-6 эпизод аралығында тұрақталды. 2021–2023 жылдар аралығында 6-7 маусымдар шықты. Барлығы 10 эпизод жарық көрді. Мұнда «SAA Foundation» жұмысы мен «Archives records 2022» конференциясы сияқты институционалдық байланыстарға басымдық берілді.

2024–2026 жылдар аралығында 8-9 маусымдар шықты. Бұл кезеңде халықаралық ынтымақтастық және ұжымдық зерттеулер өзекті бола бастады.

Осы уақытқа дейін шыққан эпизодтардың сандық және сапалық көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, төмендегідей нәтижені көруге болады.

1-кесте

Кезеңдер	Маусымдар	Эпизодтар саны	Негізгі фокус
Пандемияға дейін	1-2 (2019)	14	Теориялық негіздер, классиктермен сұхбат
Пандемия кезінде	3-5 (2020-2021)	17	Дағдарыс менеджменті, әлеуметтік және экономикалық әділдік
Пандемиядан кейін	6-9 (2022-2026)	19	Институционалдық даму, халықаралық контекст

Осы кестенің негізінде жобаның эпизодтары 2019 жылдан бері тек сандық жағынан ғана емес (жалпы 50 эпизод), сонымен қатар мазмұндық тұрғыдан да айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Пандемия кезеңі жобаның «жедел ақпараттық құрал» ретіндегі рөлін күшейтіп, архив ісінің әлеуметтік жауапкершілігі мен дағдарысқа төзімділігін талқылайтын бірегей алаңға айналдырды (SAA 2026 с).

Жоғарыда подкасттың шығу кезіндегі барлық эпизодтары мен маусымдары жайлы жалпылама мәліметтер берілді. Енді біз осы подкасттың ішіндегі соңғы маусымдағы эпизодтарды талдауды ұсынамыз.

9-маусымның 1-эпизодында қауымдастық архивтері мен проактивті қорғау стратегиялары жайлы Майген Салливан мен Джошуа Берфордтың тәжірибесі мұрағатшының рөлін «иеленушіден» «серіктестікке» трансформациялау қажеттілігін негіздейді (SAA 2025a). Авторлар саяси қысым немесе цензура жағдайында деректерді жойылудан сақтау үшін «шұғыл әрекет ету жоспарын» ұсынады. Бұл – архивтік құжаттарды уақытша қауіпсіз орындарға көшіру арқылы тарихи жадының үздіксіздігін қамтамасыз етудің жаңа тетігі.

9-маусымның 2 эпизодында жобаның қонағы Колумбия университетінің Ауызша тарихты зерттеу орталығының қызметкері Крис Пандза ауызша тарих пен жасанды интеллекттің тоғысуын жарастырады (SAA 2025b). Крис Пандзаның пайымдауынша, жасанды интеллект ауызша тарих архивтерін қолжетімді, эстетикалық жағынан тартымды ету үшін қолданылады. Атап айтқанда, топикалық модельдеу әдісі үлкен көлемдегі сұхбаттардың (мысалы, Барак Обаманың президенттігі туралы 1100 сағаттық аудио) ішінен адам көзіне бірден түспейтін ортақ тақырыптар мен байланыстарды табуға мүмкіндік береді. К. Пандза ЖИ-ді «қашықтықтан оқу» құралы ретінде сипаттайды. Ол зертеушілердің субъективті көзқарасынан тыс қалған тақырыптарды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар ауызша тарих жобасының аясында К. Пандза ЖИ-тің 1500-ден астам сұхбаттан шыққан тегі, жынысы сияқты маңызды ақпаратты автоматты түрде жинақтау мүмкіндігін көрсетеді. Бұл архившілердің уақытын үнемдеп, қоғаммен жұмыс істеу сияқты құнды істерге көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасайды.

Подкасттың қонағы ЖИ-ті қолданудың негізгі этикалық мәселелерін де сөз етеді. Мәселен, сұхбаттарды ЖИ арқылы өңдеу кезінде деректердің «бұлттық» серверлерге шығып кету қаупі бар. Кейбір жағдайларда архивтер интернетке қосылмаған оқшауланған компьютерлерде ғана өңделуі тиіс. К. Пандзаның баса назар аударған мәселенің бірі – ЖИ-ті

қолдану барысында адамның араласуы міндетті екендігін алдыға тартады. Технология адамды алмастыру үшін емес, оның жұмысын жеңілдету және деректер арасындағы жаға байланыстарды ашу үшін пайдаланылуы керек.

Егер К. Пандзаның ойын түйіндейтін болсақ, ЖИ ауызша тарих саласында тек техникалық құрал ғана емес, сонымен қатар архивтерді жаңаша мағыналық деңгейде ұйымдастырудың тиімді тәсілі болып табылады. Дегенмен, технологияны енгізуде архившілердің этикалық жауапкершілігі мен зерттеудің адами сипатын сақтау басты орында қалуы тиіс.

Осы маусымның 3-эпизодында Бен және Сара Брумфилдтер архивтік транскрипция мен индекстеудегі технологиялық революцияны талдайды (SAA 2025c). Олар ЖИ-ті ақпараттық мамандарды алмастырушы емес, жұмыс тиімділігін арттырушы құрал екені айтылады.

ЖИ-ді архивтік құжаттардағы нақты деректерді (есімдер, географиялық атаулар) табуға арналған «іздегіш» ретінде қолдану ретінде ұсынылады. Алайда, ЖИ тудыратын «галлюцинация» қаупіне байланысты, деректің түпнұсқалығын тексеруде адамның қатысуы міндетті шарт ретінде қарастырылады. Эпизод қонақтары архившілерді ЖИ технологияларына «техно-оптимизммен» қарауға, бірақ сонымен бірге деректердің түпнұсқалығы мен сапасын бақылауда адамның рөлі бұрынғыдан да маңызды болғанын түсінуге шақырады.

4-эпизод архивші және педагог Джули Томастың (Сакраментодағы Калифорния штатының университеті) «Theching Primary source research skills to 21st-century learners» атты еңбегіне негізделген (SAA 2025d). Бұл эпизод қазіргі цифрлық дәуірдегі білім алушылардың ерекшеліктері мен архивтік педагогиканың трансформациясын терең талдайды

Джули Томас қазіргі америкалық студенттерді бұрынғы буындардан түбегейлі ерекшеленетін топ ретінде сипаттайды. Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі жастардың миы ақпаратты қабылдау мен өңдеуде басқаша жұмыс істейді. Олар ақпараттың тым көптігіне бейімделген және бәрінің тез болғанын қалайды.

Ең маңызды мәселе – студенттердің ақпаратты алгоритмдер арқылы алуы. Д. Томастың пікірінше, қазіргі біз бұрын соңды болмаған, әрі қызық дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Студенттер өздерінің ақпараттық ортасынан ары шықпай, тек өз көзқарастарын растайтын деректерді ғана тұтынады.

Маманның тағы бір назар аударуға тұрарлық мәселенің бірі – педагогикалық тәсілдердің ауысуы. Дәстүрлі лекция оқу форматы қазіргі студенттер үшін тиімсіз болып барады. Д. Томастың жүргізген сынақтары көрсеткендей, бейнедәрістерден кейін студенттердің материалды меңгеру деңгейі төмендеп, қателіктер көбейген. Студенттер арасында құжатты дұрыс интерпретациялауда біршама кедергілерге тап болатындығын да айтады.

Сондай-ақ, бұл эпизодта архивтік терминдердің студенттер үшін тым күрделі немесе түсініксіз болу мәселесі көтеріледі. Сондай терминдердің бірі «архивші» термині. Д. Томас архившінің өзін де іздеу құралы ретінде қарастыруды ұсынады. Кез келген бастапқы деректі табуға көмектесетін нәрсе, тіпті адам болса да, іздеу құралы болып табылады.

Эпизодтағы қызықты әрі өткір мәселелердің бірі – қазіргі студенттердің қолжазбаны оқи алмауы. Архивтік құжаттардың көбі қолмен жазылғандықтан, студенттер оларды «аударып беруді» сұрайды. Бұл тарихи деректермен тікелей жұмыс істеуде үлкен тосқауылға әкеледі.

Бұл эпизодты қорытындылайтын болсақ, архившілер тек сақтаушы емес, сыни ойлауды дамытатын белсенді педагог болуға шақырады. Архивтік оқыту – бұл студентке ақпарат беру емес, оған ақпараттың билігіне қарсы тұруды, деректің түпнұсқасын тануды және алгоритмдердің жетегінде кетпеді үйрету процесі.

«Archives in Context» жобасының негізгі ерекшелігі – оның архившілердің өткені мен бүгінгі қалай байланыстыратынын көрсете білуінде. Дәстүрлі түсініктегі архивші – тек құжат сақтаушысы болса, подкаст кейіпкерлері – жадыны сақтау ісінің маңыздылығын

терең түсінетін, қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап бере алатын мамандар ретінде суреттеледі.

Подкасттың тақырыптық ауқымы архивтік коллекциялар туралы жеке оқиғаларды баяндаудан бастап, кәсіби саладағы күрделі мәселелерді шешудің бірегей тәсілдерін талқылауға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл архивтанудың теориялық базасы мен практикалық қызметі арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді. Мұндай формат кәсіби қоғамдастық ішіндегі ғана емес, сонымен қатар қалың бұқара арасындағы архив ісі туралы түсінікті кеңейтуге ықпал етеді.

Қазақстанның архив саласында мұндай тәжірибені енгізу – архившілердің имиджін көтеруге және ғылыми коммуникацияны жаңғыртуға септігін тигізеді. «Жаңа Архив» секілді басылымдардағы теориялық мақалаларды осындай мультимедиялық жобалармен толықтыру – ғылыми ақпараттың қолжетімділігін арттырады.

Қорытынды

Америкалық архившілер қоғамының «Archives in Context» медиа-жобасын кешенді талдау нәтижелері заманауи архивтану ғылымы мен тәжірибесіндегі бірқатар түбегейлі өзгерістерді айқындап берді. Зерттеу жұмысын түйіндей келе, төмендегідей негізгі тұжырымдар жасауға болады.

Біріншіден, подкасттың технологиясы архив саласы үшін жай ғана қосымша ақпараттық арна емес, кәсіби рефлексия мен коммуникацияның толыққанды институционалдық құралына айналғаны дәлелденді. ААҚ-ның бұл жобасы архивтік білімді академиялық ортадан тыс, қалың бұқараға бейімдеп жеткізудің озық үлгісін көрсетті. Бұл – архивтің «жабық қойма» стереотипінен арылып, ашық диалог алаңына трансформацияланғанының айқын көрінісі.

Екіншіден, «Archives in Context» жобасы архивші мамандығының гуманистік қырын ашуда ерекше рөл атқарады. Зерттеу барысында анықталғандай, подкаст форматы архившілерге «сахна сыртындағы» күрделі еңбекті, атап айтқанда, құжаттарды жинақтау кезіндегі эмоциялық сәттерді және этикалық таңдауларды бірінші жақтан баяндауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл архившіні техникалық қызметкер деңгейінен тарихи жадыны белсенді сақтаушы мәртебесіне көтереді. Сондай-ақ, жоғары сапалы дыбыстық дизайн мен нарративтік құрылым тыңдаушыға архивтік құжаттардың «тірі» тарих екенін сезінуге ықпал етеді.

Үшіншіден, подкаст архив ісіндегі сабақтастық пен эволюция мәселелерін шешудің тиімді тетігі болып табылады. Жоба қонақтарының әңгімелері арқылы архив кәсібінің өткені мен бүгінгі арасындағы байланыс орнатылып, болашақ сын-қатерлер (цифрлық мұраны сақтау, инклюзивтілік, жасанды интеллект) талқыланады. Бұл кәсіби қауымдастықтың ынтымақтастығын арттырып, жас мамандарға бағдар беретін білім базасын қалыптастырады.

Төртіншіден, практикалық тұрғыдан алғанда, ААҚ тәжірибесі Қазақстанның архив жүйесі үшін маңызды әлеуетке ие. Ұлттық архив қорын насихаттауда және отандық архившілердің бейнесін қалыптастыруда осындай мультимедиялық жобаларды іске қосу – заман талабы. Ғылыми мақалалар мен дәстүрлі басылымдарды аудио-форматтағы «жанды» әңгімелермен толықтыру – тарихи сананы жаңғыртудың және қоғамның архивке деген қызығушылығын арттырудың ең төте жолы.

Зерттелген халықаралық тәжірибе негізінде отандық архив жүйесін дамыту үшін келесі ұсыныстарды жасауға болады: 1) шетелдік тәжірибені ескере отырып, «шығармашылық-редакциялық алқа» құру және медиа-жобаларға ғалымдар мен медиа мамандарын тарту қажет. 2) архив қорларындағы ақпаратты құрғақ баяндаудан сторителлиң әдісіне көшіріп, ауызша тарих бағытын жаңғырту маңызды. 3) медиа кеңістікте архившілердің еңбегін көрсету арқылы мамандықты гуманизациялау және аудио-өнімдерді Youtube, Spotify секілді жаһандық платформаларға шығару ұсынылады.

Қорыта айтқанда, «Archives in Context» – тек америкалық архившілердің үні ғана емес, бұл – жаһандық архив қауымдастығының даму векторын көрсететін индикатор. Архив мекемелерінің цифрлық медиа кеңістігіндегі белсенділігі олардың қоғамдық сұранысқа ие, өміршең институт ретінде сақталып қалуының кепілі болмақ.

Әдебиеттер

Birdsall 2025 – Birdsall C., Düring M. From Oral History to Metadata? Report from the Oral History of Radio Archivists (OHRA) Pilot Project. *Transmedia History: Circulations, Reconfigurations and New Methodologies*. 2025. P. 94-101.

Casucci 2025 – Casucci T., Wittmann R., Trettin K. Traversing Rock Climbers' Oral Histories to Podcast Platforms: Processes, Analytics, and Digital Library Impact. *Preservation, Digital Technology & Culture*. 2025. Vol. 54. № 3. P. 207-214. <https://doi.org/10.1515/ptdc-2025-0008>

Flinn 2011 – Flinn A. Archival activism: independent and community-led archives, radical public history and the heritage professions. *InterActions: UCLA Journal of Education and Information Studies*. 2011. Vol. 7, № 2. <https://doi.org/10.5070/D472000699>

Headrick 2024 – Headrick E. *Anxiety in the Archives: A Podcast Dissertation*. Denton: Texas Woman's University, 2024. 365 p.

Kalizhanova 2023 – Kalizhanova A., Bedelbayeva M., Shelestova T., Rakhimbayeva B., Ossipovich A. The potential of using museum podcasts for educational purposes for intercultural exchange. *Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series*. 2023. Vol. 111. No 2. P. 186-192. <https://doi.org/10.31489/2023ped3/186-192>

Kalizhanova et al. 2025 – Kalizhanova A., Bedelbayeva M. Museum podcasts as a medium for intercultural archaeology in Kazakhstan. *Journal of Community Archaeology & Heritage* / 2025. P. 1-5. <https://doi.org/10.1080/20518196.2025.2517950>

McKenzie-Witter 2024 – McKenzie-Witter W. Beyond The Broadcast: Nello and The People's Method. *RadioDoc Review* 9(2). <https://doi.org/10.14453/rdr.1499>

Rodríguez-Ortiz 2025 – Rodríguez-Ortiz R. and Fernández-Sande M. Analysis of Narrative Strategies in Independent Non-Fiction Narrative Podcasts in Ibero-America. *Media and Communication*. 2025. Vol. 13. P. 1-19. <https://doi.org/10.17645/mac.9096>

SAA 2025a – SAA. Season 9, Episode 1: Maigen Sullivan and Joshua Burford. *Archives in Context*. March 3, 2025. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/2025/03/03/season-9-episode-1-maigen-sullivan-and-joshua-burford/> (жүгінген күні: 17.01.2026).

SAA 2025b – SAA. Season 9, Episode 2: Chris Pandza. *Archives in Context*. April 22, 2025. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/2025/04/22/season-9-episode-2-chris-pandza/> (жүгінген күні: 18.01.2026).

SAA 2025c – SAA. Season 9, Episode 3: Ben and Sara Brumfield. *Archives in Context*. June 27, 2025. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/2025/06/27/season-9-episode-3-ben-and-sara-brumfield/> (жүгінген күні: 19.01.2026).

SAA 2025d – SAA. Season 9, Episode 4: Julie Thomas. *Archives in Context*. December 23, 2025. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/2025/12/23/season-9-episode-4-julie-thomas/> (жүгінген күні: 19.01.2026).

SAA 2026a – SAA. About. *Archives in Context*. 2026. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/about/> (жүгінген күні: 15.01.2026).

SAA 2026b – SAA. Hosts. *Archives in Context*. 2026. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/hosts/> (жүгінген күні: 15.01.2026).

SAA 2026c – SAA. Episodes. *Archives in Context*. 2026. URL: <https://archivesincontext.archivists.org/episodes/> (жүгінген күні: 17.01.2026).

Skrastins 2025 – Skrastins E. Voicing the Archive: Archive: Lust, Legislation, Lunacy. *Sociological Research Online*. 2025. Vol. 30. № 2. P. 1-5. <https://doi.org/10.1177/13607804241287119>

Tennant 2024 – Tennant L. An extensive survey and history of podcasting in New Zealand. *Convergence: The International Journal of Research into New Media Technologies*. 2024. Vol. 0, № 1. P. 1-23. <https://doi.org/10.1177/13548565241306573>

Theimer 2010 – Theimer K. *Web 2.0 Tools and Strategies for Archives and Local History Collections*. New York: Neal-Schuman Publishers, 2010. 246 p.

- Zatonskaya 2021 – Zatonskaya, T. Digital Age Media Transformations in Kazakhstan. *Knowledge in the Information Society*. 2021. Vol 184. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-65857-1_31
- Алимгазинов 2014 – Алимгазинов К.Ш. Интернет и историческое знание: от информатизации к новым горизонтам исследований. *Современные проблемы сервиса и туризма*. 2014. Т. 8. № 3. С. 36-42. <https://doi.org/10.12737/5597>
- Ананьина 2025 – Ананьина А., Ключкина М.А., Харченко В.С. Ключевые факторы успеха российских подкастов: контент, интеграция рекламы и личный бренд. *Коммуникативные исследования*. 2025. Т. 12. № 3. С. 633-648. [https://doi.org/10.24147/2413-6182.2025.12\(3\).633-648](https://doi.org/10.24147/2413-6182.2025.12(3).633-648)
- Баймуратова 2025 – Баймуратова С. Суть подкастинга и возможности обучения. *Eurasian Journal of Academic Research*. 2025. Т. 5. № 10-2. С. 65-73. <https://doi.org/10.5281/zenodo.17500839>
- Касянчук 2024 – Касянчук Е.Н., Цветочкина И.А. Интеграция библиотек высших учебных заведений в сферу креативных индустрий. *Креативная экономика*. 2024. Т. 18. № 5. С. 1155-1174. <https://doi.org/10.18334/ce.18.5.120878>
- Құрманбайұлы 2019 – Құрманбайұлы Ш., Исақова С., Мизамхан Б., т.б. *Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі*. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. 596 б.
- Лопачев 2025 – Лопачев А.О. Медиатизация исторической памяти: региональный аспект. *Российская школа связей с общественностью*. 2025. № 37. С. 203-227. <https://doi.org/10.24412/2949-2513-37-203-227>
- Мустафина 2023 – Мустафина А.Х. К вопросу о научно-методическом обеспечении процессов информатизации архивов в Казахстане. *Вестник ВНИИДАД*. 2023. № 1. С. 104-109. https://doi.org/10.55970/26191601_2023_1_104
- Неренц 2024 – Неренц Д.В., Осминина А.А. Особенности подкастов криминальной тематики в российском и зарубежном медиaprостранстве. *Вестник РГГУ. Серия «Литературоведение. Языкознание. Культурология»*. 2024. № 11. С. 148-163. <https://doi.org/10.28995/2686-7249-2024-11-148-163>

References

- Alimgazinov 2014 – Alimgazinov K.Sh. Internet i istoricheskoe znanie: ot informatizatsii k novym gorizontam issledovaniy [Internet and historical knowledge: from informatization to new horizons of research]. *Service and Tourism: Current Challenges*. 2014. Vol. 8, No. 3. Pp. 36-42. <https://doi.org/10.12737/5597> (in Russian)
- Ananyina 2025 – Ananyina A., Klyukina M.A., Kharchenko V.S. Klyuchevye faktory uspekha rossiyskikh podkastov: kontent, integratsiya reklamy i lichnyy brend [Key success factors of Russian podcasts: content, advertising integration and personal brand]. *Communication Studies*. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 633-648. [https://doi.org/10.24147/2413-6182.2025.12\(3\).633-648](https://doi.org/10.24147/2413-6182.2025.12(3).633-648) (in Russian)
- Baimuratova 2025 – Baimuratova S. Sut podkastinga i vozmozhnosti obucheniya [The essence of podcasting and learning opportunities]. *Eurasian Journal of Academic Research*. 2025. Vol. 5, No. 10-2. Pp. 65-73. <https://doi.org/10.5281/zenodo.17500839> (in Russian)
- Birdsall 2025 – Birdsall C., Düring M. From Oral History to Metadata? Report from the Oral History of Radio Archivists (OHRA) Pilot Project. *Transmedia History: Circulations, Reconfigurations and New Methodologies*. 2025. Pp. 94-101.
- Casucci 2025 – Casucci T., Wittmann R., Trettin K. Traversing Rock Climbers' Oral Histories to Podcast Platforms: Processes, Analytics, and Digital Library Impact. *Preservation, Digital Technology & Culture*. 2025. Vol. 54, No. 3. Pp. 207-214. <https://doi.org/10.1515/pdpc-2025-0008>
- Flinn 2011 – Flinn A. Archival activism: independent and community-led archives, radical public history and the heritage professions. *InterActions: UCLA Journal of Education and Information Studies*. 2011. Vol. 7, No. 2. <https://doi.org/10.5070/D472000699>
- Headrick 2024 – Headrick E. *Anxiety in the Archives: A Podcast Dissertation*. Denton: Texas Woman's University, 2024. 365 p.
- Kalizhanova & Bedelbayeva 2025 – Kalizhanova, A., Bedelbayeva, M. Museum podcasts as a medium for intercultural archaeology in Kazakhstan. *Journal of Community Archaeology & Heritage*. 2025. P. 1-5. <https://doi.org/10.1080/20518196.2025.2517950>
- Kalizhanova 2023 – Kalizhanova A., Bedelbayeva M., Shelestova T., Rakhimbayeva B., Ossipovich A. The potential of using museum podcasts for educational purposes for intercultural exchange.

Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series. 2023. Vol. 111. № 2. P. 186-192. <https://doi.org/10.31489/2023ped3/186-192>

Kasyanchuk 2024 – Kasyanchuk E.N., Tsvetochkina I.A. *Integratsiya bibliotek vysshikh uchebnykh zavedeniy v sferu kreativnykh industriy* [Integration of higher education libraries into the creative industries]. *Creative Economy.* 2024. Vol. 18. No. 5. Pp. 1155-1174. <https://doi.org/10.18334/ce.18.5.120878> (in Russian)

Kurmanbaiuly 2019 – Kurmanbaiuly Sh., Isakova S., Mizamkhan B., et al. *Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi* [Dictionary of loanwords in the Kazakh language]. Almaty: National Translation Bureau, 2019. 596 p. (in Kazakh)

Lopachev 2025 – Lopachev A.O. *Mediatizatsiya istoricheskoy pamyati: regionalnyy aspekt* [Mediatization of historical memory: a regional aspect]. *Russian School of Public Relations.* 2025. No. 37. Pp. 203-227. <https://doi.org/10.24412/2949-2513-37-203-227> (in Russian)

McKenzie-Witter 2024 – McKenzie-Witter W. *Beyond The Broadcast: Nello and The People's Method.* *RadioDoc Review* 9(2). <https://doi.org/10.14453/rdr.1499>

Mustafina 2023 – Mustafina A.Kh. *K voprosu o nauchno-metodicheskom obespechenii protsessov informatizatsii arkhivov v Kazakhstane* [On the issue of scientific and methodological support for the processes of archival informatization in Kazakhstan]. *Bulletin of VNIIDAD.* 2023. No. 1. Pp. 104-109. https://doi.org/10.55970/26191601_2023_1_104 (in Russian)

Nerents 2024 – Nerents D.V., Osminina A.A. *Osobennosti podkastov kriminalnoy tematiki v rossiyskom i zarubezhnom mediaprostranstve* [Features of crime podcasts in the Russian and foreign media space]. *RSUH/RGGU Bulletin. "Literary Theory. Linguistics. Cultural Studies" Series.* 2024. No. 11. Pp. 148-163. <https://doi.org/10.28995/2686-7249-2024-11-148-163> (in Russian)

Rodríguez-Ortiz 2025 – Rodríguez-Ortiz R. and Fernández-Sande M. *Analysis of Narrative Strategies in Independent Non-Fiction Narrative Podcasts in Ibero-America.* *Media and Communication.* 2025. Vol. 13. Pp. 1-19. <https://doi.org/10.17645/mac.9096>

SAA 2025a – SAA. Season 9, Episode 1: Maigen Sullivan and Joshua Burford. *Archives in Context.* March 3, 2025. <https://archivesincontext.archivists.org/2025/03/03/season-9-episode-1-maigen-sullivan-and-joshua-burford/> (accessed 17.01.2026).

SAA 2025b – SAA. Season 9, Episode 2: Chris Pandza. *Archives in Context.* April 22, 2025. <https://archivesincontext.archivists.org/2025/04/22/season-9-episode-2-chris-pandza/> (accessed 18.01.2026).

SAA 2025c – SAA. Season 9, Episode 3: Ben and Sara Brumfield. *Archives in Context.* June 27, 2025. <https://archivesincontext.archivists.org/2025/06/27/season-9-episode-3-ben-and-sara-brumfield/> (accessed 19.01.2026).

SAA 2025d – SAA. Season 9, Episode 4: Julie Thomas. *Archives in Context.* December 23, 2025. <https://archivesincontext.archivists.org/2025/12/23/season-9-episode-4-julie-thomas/> (accessed 19.01.2026).

SAA 2026a – SAA. About. *Archives in Context.* 2026. <https://archivesincontext.archivists.org/about/> (accessed 15.01.2026).

SAA 2026b – SAA. Hosts. *Archives in Context.* 2026. <https://archivesincontext.archivists.org/hosts/> (accessed 15.01.2026).

SAA 2026c – SAA. Episodes. *Archives in Context.* 2026. <https://archivesincontext.archivists.org/episodes/> (accessed 17.01.2026).

Skrastins 2025 – Skrastins E. *Voicing the Archive: Archive: Lust, Legislation, Lunacy.* *Sociological Research Online.* 2025. Vol. 30. No. 2. Pp. 1-5. <https://doi.org/10.1177/13607804241287119>

Tennant 2024 – Tennant L. *An extensive survey and history of podcasting in New Zealand.* *Convergence: The International Journal of Research into New Media Technologies.* 2024. Vol. 0, № 1. Pp. 1-23. <https://doi.org/10.1177/13548565241306573>

Theimer 2010 – Theimer K. *Web 2.0 Tools and Strategies for Archives and Local History Collections.* New York: Neal-Schuman Publishers, 2010. 246 p.

Zatonskaya 2021 – Zatonskaya, T. *Digital Age Media Transformations in Kazakhstan.* *Knowledge in the Information Society.* 2021. Vol 184. Springer, Cham. https://doi.org/10.1007/978-3-030-65857-1_31

Автор туралы мәлімет

Бақытжан Болатбекұлы Ақтайлақ – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Астана қ., Қазақстан, Ғылыми және қолданбалы зерттеулер орталығының аға сарапшысы, магистр, bakytzhan.aktailak@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7614-2935>

Сведения об авторе

Бақытжан Болатбекұлы Ақтайлақ – Архив Президента Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан, старший эксперт Центра научных и прикладных исследований, магистр, bakytzhan.aktailak@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7614-2935>

Information about author

Bakytzhan B. Aktailak – Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, Senior Expert, Center for Scientific and Applied Research, Master's Degree, bakytzhan.aktailak@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-7614-2935>

Ахмет Бірімжанов: архивтік деректерді кешенді талдау негізінде саяси өмірбаянын қайта жаңғырту

Г.К. Ерменбаева¹, Г.Ж. Сұлтанғазы²

¹Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Астана қ., Қазақстан
gulzhanermenbayeva@gmail.com

²Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана қ., Қазақстан
g_sultangazy@kazguu.kz

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан мен Ресей архив қорларынан алынған деректерді кешенді саралау негізінде ХХ ғасырдың басындағы мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Бірімжановтың саяси қызметінің негізгі кезеңдері зерделеніп, оларға ғылыми тұрғыдан баға берілді. Зерттеудің деректік базасын құрайтын материалдар қайраткердің тұлғалық эволюциясын – кәсіби заңгерден жалпыұлттық деңгейдегі саясаткерге дейінгі қалыптасу жолын жүйелі зерделеуге мүмкіндік береді. Авторлар А. Бірімжановтың I және II Мемлекеттік думалардағы парламенттік қызметін талдай отырып, оның аграрлық мәселе мен сот жүйесін демократияландыру жолындағы қадамдарын саяси өмірбаянының іргетасы ретінде қарастырады. Сонымен қатар, мақалада 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі мемлекетшілдік ұстанымы, атап айтқанда Уақытша үкіметтің Торғай уезіндегі комиссары және Алашорда үкіметінің мүшесі ретіндегі жауапты қызметтері саяси антропология тұрғысынан сараланды.

Архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізу арқылы қайраткердің Дала өлкесінің мүддесін қорғаудағы тактикалық тәсілдері мен құқықтық көзқарастарының сабақтастығы айқындалды. А. Бірімжановтың 155 жылдығына арналған бұл зерттеу ұлттық саяси элита өкілінің тарихи тәжірибесін мемлекеттік құрылыс сабақтастығы мен парламентаризм дәстүрлерінің дамуы тұрғысынан концептуалды талдауға бағытталған. Мақалада тұжырымдалған қорытындылар ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси қызметін зерделеудің ғылыми-теориялық базасын кеңейтеді.

Түйін сөздер: Ахмет Бірімжанов; ұлттық зиялылар; мәдени капитал; Мемлекеттік Дума; аграрлық комиссия; Мұсылман фракциясы; Жалпықазақ съезі; Алашорда; Уақытша үкімет

Ахмет Беремжанов: реконструкция политической биографии на основе комплексного анализа архивных источников

Г.К. Ерменбаева¹, Г.Ж. Сұлтанғазы²

¹Архив Президента Республики Казахстан, г. Астана, Казахстан
gulzhanermenbayeva@gmail.com

²Научный институт изучения улуса Джучи, г. Астана, Казахстан
g_sultangazy@kazguu.kz

Аннотация. В статье на основе комплексного анализа документов, полученных из архивных фондов Казахстана и России, исследуются основные этапы политической деятельности государственного и общественного деятеля начала ХХ в. Ахмета Беремжанова. Материалы, составляющие источниковую базу исследования, позволяют системно изучить личностную эволюцию деятеля – путь его становления от профессионального юриста до политика общенационального уровня. Авторы, анализируя парламентскую деятельность А. Беремжанова в I и II Государственных думах, рассматривают его инициативы по решению аграрного вопроса и демократизации судебной системы как фундамент его политической биографии. Кроме того, в статье с точки зрения политической антропологии проанализирована его позиция государственника в период после Февральской революции 1917 г., в частности деятельность на посту комиссара Временного правительства по Тургайскому уезду и в качестве члена правительства Алаш-Орды.

Введение архивных документов в научный оборот позволило выявить преемственность тактических приемов и правовых взглядов деятеля в защите интересов Степного края. Исследование, посвященное 155-летию А. Беремжанова, направлено на концептуальный анализ исторического опыта представителя национальной политической элиты в контексте преемственности государственного строительства и развития парламентских традиций. Сформулированные в статье выводы расширяют научно-теоретическую базу по изучению политической деятельности казахской интеллигенции начала XX в.

Ключевые слова: Ахмет (Ахмед) Беремжанов; национальная интеллигенция; культурный капитал; Государственная Дума; аграрная комиссия; Мусульманская фракция; Общеказахский съезд; Алашорда; Временное правительство

Ahmet Beremzhanov: A Reconstruction of His Political Biography Based on a Comprehensive Analysis of Archival Sources

G.K. Yermenbayeva¹, G.Zh. Sultangazy²

¹Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
gulzhanermenbayeva@gmail.com

²Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan
g_sultangazy@kazguu.kz

Abstract. The article reconstructs the multifaceted political biography of Akhmet Beremzhanov, a prominent statesman and public figure of the early 20th century, based on a comprehensive analysis of documents retrieved from the archival funds of Kazakhstan and Russia. The materials forming the source base of this study allow for a systematic examination of the subject's personal evolution — from a professional lawyer to a national-level politician. Analyzing Akhmet Beremzhanov's parliamentary activities in the I and II State Dumas, the authors consider his initiatives aimed at resolving the agrarian question and democratizing the judicial system as the foundation of his political biography. Furthermore, the article analyzes his statist position during the period following the February Revolution of 1917, specifically his administrative and legal roles as the Provisional Government Commissioner for the Turgay district and as a member of the Alash Orda government, from the perspective of political anthropology.

By introducing archival documents into scientific discourse, the continuity of his strategic tactics and legal views in defending the interests of the Steppe region (the Kazakh Steppe) is clarified. Commemorating the 155th anniversary of Beremzhanov's birth, the study reevaluates the historical experience of the national political elite through the prism of modern state-building and parliamentary traditions. The findings offer significant scientific insights for researchers of the political history of the Kazakh intelligentsia in the early 20th century.

Keywords: Ahmet (Ahmed) Beremzhanov; national intelligentsia; Cultural capital; State Duma; Agrarian Commission; The Muslim Fraction; All-Kazakh Congress; Alash-Orda; Provisional Government

Kіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысындағы дәстүрлі қазақ қоғамы Ресей империясының әкімшілік-саяси реформалары салдарынан терең трансформацияға ұшырады. Бұл кезеңдегі маңызды тарихи үдеріс – дәстүрлі құндылықтар мен жаңарған саяси институттар арасындағы байланысты қамтамасыз еткен жаңа интеллектуалды элитаның қалыптасуы болып табылады.

Қазіргі заманғы әлеуметтану тұрғысынан, атап айтқанда француз этнологы және әлеуметтанушы Пьер Бурдьеннің теориясына сәйкес, бұл үдеріс «мәдени капиталдың» жиналуы мен конвертациясы ретінде сипатталуы мүмкін (Бурдьё 2007). Жаңа қазақ зиялылары дәстүрлі көшпенділердің мемлекеттік басқару құрылымдарының генетикалық мұрагерлері болып саналса да, олардың мәртебесі тек шығу тегіне емес, сонымен қатар шығыс дәстүрлерін батыс білім беру жүйесімен біріктіруіне негізделген еді. Осы «жиналған капи-

тал» оларға ұлттың дамуы үшін балама жолдарды іздеуге арналған автономды интеллектуалды алаң қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі мемлекеттік құрылыс пен парламентаризм институттарын жетілдіру жағдайында ұлттық элитаның тарихи тәжірибесін ғылыми тұрғыдан саралау қажеттілігімен айқындалады. Мұндай жағдайда ХХ ғасырдың басындағы мемлекет қайраткерлерінің, соның ішінде Ахмет Бірімжановтың мұрасына үңілу жай ғана өмірбаяндық деректер жинағы емес, ұлттық мүдделерді жаһандық өзгерістерге бейімдеудің тарихи тәжірибесін зерделеу болып табылады. Зерттеудің маңыздылығы А. Бірімжановтың 155 жылдық мерейтойымен ұштасып, оның отандық құқықтық және саяси институттардың қалыптасуына қосқан үлесін жаңаша пайымдау қажеттілігін негіздейді.

Зерттеудің мақсаты – отандық және шетелдік архив қорларынан алынған құжаттарды кешенді талдау негізінде мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Бірімжановтың қоғамдық-саяси қызметінің негізгі кезеңдерін зерделеу және оның отандық құқықтық жүйенің қалыптасуына қосқан үлесін ғылыми тұрғыдан бағалау.

Зерттеу нысанының мазмұнын ашуда архивтік мұра негізгі дереккөз базасын құрайды. Архивтік деректер қайраткердің тегі мен білімінен бастап, оның мемлекеттік деңгейдегі маңызды шешімдер қабылдау кезеңіне дейінгі бүкіл саяси жолын нақты құжаттармен дәйектеуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың әдіснамалық негізін Қазақстан мен Ресейдің ірі архивтік қорларында шоғырланған А. Бірімжановтың деректік мұрасына кешенді деректанулық талдау жасау тәсілі құрайды. Зерттеу барысында тартылған дереккөздердің ауқымды географиясы, атап айтқанда: ҚР Президентінің Архиві (ҚР ПА), ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Астана қаласының мемлекеттік архиві, сондай-ақ Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РГИА) мен Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (ГАРФ) қорлары қайраткердің саяси жолын объективті түрде ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталған құжаттар кешені тақырыптық және хронологиялық белгілер бойынша жіктелді. Бұл А. Бірімжановтың тұлғалық әлеуетінің қалыптасуы мен жүзеге асырылу кезеңдерін жан-жақты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Дереккөздердің алғашқы тобын тұлғаның «мұраға қалған капиталының» (inherited capital) негіздерін айғақтауға мүмкіндік беретін генеалогиялық және өмірбаяндық сипаттағы құжаттар құрайды. ҚР ОМА қорларындағы (4-қор – «Орынбор шекара комиссиясы», 25-қор – «Торғай облыстық басқармасы») материалдар А. Бірімжановтың әкесі мен оның жақын ортасының әкімшілік-басқару қызметін сипаттайды. Бұл құжаттар әулеттің жоғары әлеуметтік мәртебесін және оның Торғай өңірінің саяси иерархиясына терең ықпалдасқанын айқын дәлелдейді.

Дереккөздердің екінші тобын Астана қаласының мемлекеттік архиві қорларынан (136-қор – «Ақмола уездік басқармасы», 430-қор – «Шетел архивтерінен анықталған архивтік құжаттар коллекциясы») анықталған материалдар құрайды. Олар А. Бірімжановтың кәсіби даярлық кезеңін қамтып, академиялық үлгерім динамикасын ғана емес, сонымен бірге дүниетанымы мен құқықтық санасының қалыптасуына ықпал еткен зияткерлік ортасын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Дереккөздердің үшінші тобын А. Бірімжановтың белсенді мемлекеттік және саяси қызметін айғақтайтын құжаттық материалдар құрайды. Бұл топқа ҚР Президентінің Архиві (352-қор – «ХХ ғасырдағы саяси репрессияларға қатысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің архивтік құжаттар коллекциясы»), ҚР ОМА (322-қор – «Торғай облысы комиссары канцеляриясы», 17-қор – «Торғай облыстық комиссариаты, Уақытша үкімет», 18-қор – «Торғай басқармасы», 16-қор – «Торғай облыстық әскери комиссариаты») материалдары кіреді. Сондай-ақ Ресей мемлекеттік тарихи архиві (РГИА, 1278-қор – «I, II, III және IV шақырылымдағы Мемлекеттік дума») мен Ресей Федерациясының мем-

лекеттік архиві (ГАРФ, 1701-қор – «Ішкі істер министрлігінің жергілікті бөлімі», 749-қор – «Комуч», 192-қор – «Директория жанындағы құқықтық кеңес») қорларынан алынған деректер зерттеудің негізіне айналды.

Зерттеудің өзіндік ерекшелігі – А. Бірімжановтың тұлғалық қалыптасуы мен қоғамдық қызметін тарихи контексте зерделеуге мүмкіндік беретін тарихи-өмірбаяндық әдістің қолданылуында. Бұл тәсіл қайраткердің өмір жолын сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси үдерістермен сабақтастықта талдауға негіз болды. Сондай-ақ, тарихи-өмірбаяндық әдіспен қатар П. Бурдьенің «мәдени капитал» тұжырымдамасына негізделген әлеуметтік-талдау тәсілі қолданылды. Бұл әдіснамалық ұстаным А. Бірімжановтың тұлғалық қалыптасуын тек білімі мен кәсіби біліктілігі тұрғысынан ғана емес, оның әлеуметтік тегі, отбасылық тәрбиесі мен мәдени ортасы арқылы берілген құндылықтар жүйесімен сабақтастықта зерделеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі жаһандық түбегейлі өзгерістер дәуірінде қызмет еткен қазақ зиялыларының ішінде Ахмет Бірімжанов тұлғасы ерекше орын алады. Оның өмір жолын ұлттық элитаның даму және өсу жолының айқын үлгісі ретінде қарастыруға болады: ол алғашқы қоғамдық-саяси қадамдарынан бастап, империялық және ұлттық саясаттың жоғары деңгейлеріне дейін көтерілді.

Арғын руының Торғай уезіндегі билер әулетінен шыққандығы А. Бірімжановқа тек жоғары әлеуметтік мәртебе ғана емес, сонымен бірге өрісті білім мен тәрбие негізін (мәдени капиталын) де берді. Орынбор гимназиясында классикалық білім алып, кейін Қазан университетінің заң факультетін тәмамдауы оған Ресей империясының құқықтық ортасына еркін енуіне және сол дәуірдегі сирек кәсіби қазақ заңгерлерінің бірі болуына жол ашты¹.

А. Бірімжановтың саяси тұлға ретіндегі белсенділігі 1905–1906 жылдары айқын көрініс тапты. Ол осы кезеңде Торғай облысынан I және II Мемлекеттік думаларға екі мәрте депутат болып сайланды. Оның халықтық өкілдік жұмысына қатысуы, сондай-ақ жалпықазақ съездеріндегі (Орал, Семей, Орынбор) жетекші рөлі «Алаш» партиясының болашақ бағдарламасының негізін қалады. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатовпен рухани-зияткерлік сабақтастықта бола отырып, А. Бірімжанов ұлттық қозғалыстың құқықтық негіздерін қалыптастырушылардың біріне айналды.

1917 жылдан бастап кеңес билігінің толық орнығу кезеңіне дейінгі уақыт А. Бірімжановтың саяси өмірбаянындағы ең шешуші кезең болды. Уақытша үкіметтің Қостанай уездік комиссары қызметінен Алашорданың Халық кеңесіне мүшелікке өтуі оның өлкенің өзін-өзі басқару ісіне белсенді қатысқанын айғақтайды. Тәжірибелі келіссөз жүргізуші ретінде ол автономия мүддесін большевиктерге қарсы күштермен өзара әрекеттесу барысында қорғады. Дегенмен, ұлттық аймақтарға қатысты «ақтар» режимінің теріс саясаты А. Бірімжановты, «Алаш» жетекшілерінің көпшілігі сияқты, кеңес билігімен еріксіз, бірақ тиімді ымыраға келуге мәжбүр етті.

Жаңа саяси жағдайда заңгер Ахмет Бірімжановтың жинақтаған тәжірибесі Қазақ АКСР-і Әділет халық комиссариаты мен Жоғарғы сотында сұранысқа ие болды. Оның өмір жолы – билер әулетінің мұрагерінен Думадағы трибунаға, одан кеңестік қызметкерге дейінгі аралықты қамтиды. Бұл – идеологиялық құндылықтардың күрт ауысуы жағдайында мемлекетшілдік болмысын сақтап қалуға тырысқан ұлттық зиялылардың күрделі тағдырын танытатын тарихи мысал болып табылады.

Ахмет Бірімжанов тұлғасының қалыптасу негіздері мен оның саяси жолы – XX ғасырдың басындағы ұлттық зиялы қауым тағдырының айқын көрінісі. Оның Торғай өңіріндегі ерекше мәртебесі терең тарихи тамырлармен өзектес: А. Бірімжанов беделді әулеттен шыққан, ал оның көшбасшылық қасиеті рулық және отбасылық бірліктің берік қағидала-

рына негізделген. Бұл Бірімжановтар әулетіне ұзақ уақыт бойы қазақ даласында ықпал ету үшін тек өзге билер әулеттерімен ғана емес, сонымен бірге сұлтандар (төрелер) әулетімен де тең дәрежеде бәсекелесуге мүмкіндік берді.

Бұл ықпалдың сабақтастығы әулеттің әлеуметтік рөлінің эволюциясынан айқын көрінеді. Егер Бірімжановтардың арғы аталары жауынгерлер мен әскери қолбасшылар ретінде танылса, XIX ғасырдың ортасына қарай әулет стратегиясы құқықтық реттеу бағытына қарай ойысты. «Құқықтық дәстүрлер мен кодекстердің білгірлері» мәртебесіне ие болған әулет өкілдері ірі руаралық дауларды шешуде дәстүрлі төреші (медиатор) рөлін атқарды. Архивтік деректер Ахметтің әкесі – Қорғамбек Бірімжановтың зор беделін айғақтайды: ол дағдарыстық жағдайларды құқықтық нормалар аясында реттегені үшін әкімшілік тарапынан бірнеше рет марапатталған. Әулеттің жоғары сараптамалық мәртебесі империялық билік тарапынан ресми түрде мойындалды: өңір басшылығы аймақтағы ру-тайпалық және әлеуметтік-саяси үдерістердің білікті сарапшысы ретінде Қорғамбек Бірімжановтың пікіріне сүйенген².

Осындай ортадағы тәрбие Ахмет Бірімжановтың заманауи құқықтану жүйесін ерте меңгеруіне негіз қалады. Алайда, алдыңғы буын өкілдеріне қарағанда, оның тұлғалық қалыптасуы жаңа білім беру жүйесі аясында өтті: Орынбор гимназиясы мен Қазан университетінің заң факультеті оған еуропалық үлгідегі кәсіби заңгер мәртебесін берді. Нәтижесінде қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып құқығы мен империялық сот жүйесінің бірегей ұштасуы пайда болды. Бұл А. Бірімжановты бірнеше мәдениеттің тоғысындағы күрделі мәселелерді шеше алатын әмбебап маманға айналдырды.

А. Бірімжановтың жинақтаған білімі мен біліктілігі Орынбор округтік сотындағы қызметінен бастап нақты көрініс тапты. Мұнда ол аға коллеж хатшы шенімен сот лауазымдарына үміткер ретінде еңбек етті (Адрес-календарь 1905: 92). Кейіннен оның кәсіби тәжірибесі Ақтөбеде бітістіруші судья ретінде шыңдалып, 1917 жылғы революциялық оқиғалар қарсаңында Самара сотының Бузулук уезіндегі учаскесінде қызметін жалғастырды. Осылайша, белсенді саяси күрес кезеңіне қарай Ахмет Бірімжанов тек әулеттен дарыған абыройға ғана емес, сонымен бірге Ресей империясының ресми сот-әкімшілік жүйесінде қалыптасқан мінсіз кәсіби беделге ие болды.

Бірімжановтар әулетінің мүшелері дәстүр бойынша алғашқы мұсылмандық білім алған³. Сонымен бірге, сол кезеңдегі өзекті әлеуметтік-саяси ортаға кірігу үшін ресейлік зайырлы білім алу қажеттілігі туындады. Осыны ескере отырып, болашақ саяси қайраткердің әкесі Қорғамбек ұлы Ахметті Орынбор ерлер гимназиясына оқуға қабылдау туралы өтініш білдірді⁴. Айта кетерлігі, Қорғамбектің өзі Ыбырай Алтынсариннің алғашқы шәкірттерінің бірі бола отырып, ұзақ жылдар бойы ұстазының ағартушылық бастамаларына белсенді қолдау көрсеткен. Ол оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттерді сатып алуға жомарттық танытып (меценаттық көмек беріп), демеушілік жасаған (Васильев 1896: 127).

Ахмет Бірімжановтың кәсіби білім алу жолы 1882 жылы Орынбор ерлер гимназиясынан басталды. Тоғыз жылдық оқу кезеңі оның дүниетанымының қалыптасуы мен зияткерлік тұлға ретінде кемелденуінің шешуші кезеңіне айналды. А. Бірімжановтың академиялық қабілеті кемелдік аттестаты, мінездемесі және гимназия директорының Қазан университетінің ректорының атына жазған өтінішімен расталады⁵. Осы құжаттарға сәйкес, Ахмет тұрақты түрде үздік үлгерім көрсетіп отырған. Оның ерекше ынта-ықыласын сыныптан сыныпқа I немесе II дәрежелі марапаттармен ауысып отырғандығы айғақтайды⁶.

Гимназияны күміс медальмен бітірген Ахмет Бірімжанов білімін Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде жалғастыруды ниет еткен болатын. Алайда, қалыптасқан жағдайларға байланысты ол Императорлық Қазан университетіне оқуға қабылданды⁷. Дәл осы университеттегі жылдар оның азаматтық позициясының айқындалып, жетекші

саяси платформалармен терең танысуына және идеялық бағдарларының түпкілікті қалыптасуына негіз болды.

Университетте білім алу А. Бірімжановқа классикалық еуропалық білімді батыстық либералдық-демократиялық доктриналарды зерделеумен ұштастыруға мүмкіндік берді. Бұл озық идеялар А. Бірімжановтың қоғамдық-саяси бағдарламасының қалыптасуында шешуші рөл атқарды. Оның саяси мұраты – ұлттық бірегейлікті мүлтіксіз сақтай отырып, қазақ халқының мемлекеттілік пен мәдениеттің заманауи формаларына қол жеткізуі болды.

А. Бірімжановтың саяси жолының басталуы оның I және II Мемлекеттік думадағы парламенттік қызметімен тікелей байланысты. Торғай облысынан сайланған ол, іс жүзінде, империялық деңгейде бүкіл Дала өлкесінің мүддесін қорғаған санаулы өкілдердің бірі болды. Қазақ зиялыларының ресми саяси кеңістікке жүйелі түрде енуіне 1905 жылғы 17 қазандағы Манифест жол ашты. А. Бірімжанов аталған құжат жариялаған азаматтық бостандықтарды ұлттық элитаның заңды саяси күреске өтуінің басты шарты деп білді. Бұл тарихи бетбұрыс бүкіл Қазақ даласында қоғамдық толқулар мен митингілерге түрткі болып, халықтың саяси сауатын көтеруге және ұлттық құқықтарды қорғау талаптарын біріктіруге арналған негізгі алаңға айналды.

Ахмет Бірімжановтың Торғай облысынан депутат болып бірауыздан сайлануы біршама негізді еді: оның жеңісіне әулетінің жоғары әлеуметтік капиталы мен абырой-беделі негіз болды. Айта кетерлігі, кандидатты ұсыну кезеңі ешқандай алдын ала саяси үгіт-насихатсыз өтті. Әскери губернатор А. Ломачевский өзінің ресми мәлімдемесінде А. Бірімжановтың ешқандай партияға мүше еместігін және жергілікті халықтың мүддесін қорғауға басымдық беретінін атап өтіп, оның Мемлекеттік думаға «өзінің өресі жағынан ең лайықты тұлға ретінде» сайланғанын ерекше көрсеткен⁸.

Петербургке келген бойда Ахмет Бірімжанов заң шығарушы органның ішкі регламенті мен күн тәртібін егжей-тегжейлі зерделеуге кірісті. Ресми түрде ешқандай партияға мүше болмағанымен, оның саяси ұстанымы «Халық бостандығы» (кадеттер) партиясының бағдарламасына жақын еді. Нәтижесінде, А. Бірімжанов Ресей империясының ұлттық аймақтарынан сайланған депутаттардың басын қосқан негізгі саяси платформа – Мұсылман фракциясының құрамына енді.

А. Бірімжановтың Думадағы қызметіндегі басты басымдық – жер мәселесі болды. Ол Аграрлық комиссияның құрамын қайта қарау барысында Дала өлкесі депутаттарының мүддесін белсенді қорғады. Комиссия мүшелерінің санын анықтаудағы пікірталас кезінде А. Бірімжанов орындарды 103 – 104-ке дейін ұлғайтуды ұсынды. Ол регламенттегі құқықтық қайшылықты (коллизияны) дәл көрсетіп берді: Сібір мен Кавказға орындар нақтыланғанымен, бес қазақ облысы мен Бөкей ордасының өкілдік мәртебесі ескерілмеген еді. Қазақ депутаттарына кемінде екі орын бөлуді талап ету арқылы ол Дала өлкесін империяның аграрлық саясатындағы дербес субъект ретінде тануды мақсат етті (Государственная Дума, 1906: 1863).

А. Бірімжановтың бұл бастамасы аймақтық делегациялар мен Аграрлық комиссияның ішіндегі қайшылықтарды ашып көрсетіп, қызу пікірталас тудырды. Сібір депутаттары (атап айтқанда, И. Лаптев) өз квоталарының азайып кетуінен қауіптеніп, басында Дала өлкесі өкілдерінен алшақ тұруға тырысты (Государственная Дума 1906: 1863). Дегенмен, аграрлық мәселелердің ауқымдылығы сібірлік делегаттарды мойындауға мәжбүр етті: олар бөлінген орындардың казактардан бастап Шығыс Сібір мен Қазақстанның жергілікті халықтарына дейінгі барлық топтардың мүддесін қорғауға жеткіліксіз екенін түсінді.

Ахмет Бірімжановтың ұстанымына белгілі заңгер, профессор Л. Петражицкий елеулі қолдау көрсетті. Ол квоталарды қайта қарау қажеттілігін тек әділдік принципімен ғана емес, сонымен бірге аймақтардың ерекшелігімен де негіздеді: оның пікірінше, шет аймақтардың ұлан-ғайыр аумағы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларының әртүрлілі-

гі тіпті пропорционалды деңгейден де жоғары өкілдікті талап ететін еді (Государственная Дума 1906: 1864). Пікірталасқа Мұсылман фракциясының өкілі Ә. Сыртланов та қосылып, мәселенің жүйелі сипатына тоқталды. Ол комиссиядағы Кавказ, Сібір және Түркістан үшін бөлінген орындардың аздығы (99 орынның тек 8-і ғана) империя үкіметінің ұлттық аймақтарға арналған сайлау квоталарын анықтаудағы кемсітушілік саясатының салдары екенін атап көрсетті (Государственная Дума 1906: 1865).

Бұл ретте А. Черносвитовтың сөзі маңызды рөл атқарды. Ол регламентте қазақ депутаттарының «ескерусіз қалу» себебін түсіндіріп өтті: ресми түрде олар Дала облыстарындағы сайлау аяқталып, Петербургке келген бойда жұмыс процесіне қосылуы тиіс деп ұйғарылған болатын (Государственная Дума 1906: 1866). Осылайша, либералдық қанат (кадеттер) мен Мұсылман фракциясы қолдаған А. Бірімжановтың дәлелді уәждері бұл мәселені техникалық деңгейден империяның ұлттық аймақтарының құқықтарын саяси тұрғыдан қорғау деңгейіне көтеруге мүмкіндік берді.

Соған қарамастан, бұл және басқа да көптеген түйткілді мәселелер сол күйі шешімін таппады: I Мемлекеттік Думаның ғұмыры қысқа болды. Император II Николайдың Жарлығымен Дума таратылып, депутаттық комиссиялардың барлық жұмысы тоқтатылды.

II Мемлекеттік Думада жер мәселесі империяның ішкі губернияларынан басталған қоныс аудару толқынына байланысты одан әрі шиеленісті. Үкіметтің аграрлық саясатына тек «инородцы» ғана емес, Сібір шаруалары да қарсылық танытты. Мәселен, депутат Н. Коншин қоныс аудару қозғалысының Ресейдегі аграрлық дағдарысты шеше алмайтынын атап өтті: «Никакие переселения в Сибирь общерусского аграрного вопроса решить несколько не помогут. Сибиряки с цифрами и фактами в руках могли бы доказать ту крайнюю неточность сведений о свободных для переселения земель, ссылаясь на которую правительство побуждает крестьян двинуться в Азию. В таком громадном общегосударственном деле как переселение всякие неправильности должны быть моментально исправлены» (Государственная Дума 1907а: 2271-2272).

Дегенмен, сібірлік депутаттардың сыны мәселенің тек экономикалық жағын ғана қамтыды. Олардың назарынан ата-бабадан қалған жерлерді мәжбүрлеп тартып алу және жергілікті халықты заңсыз ығыстыру проблемалары тыс қалды. Бұл бұзушылықтар 53 депутат қол қойған Министрлер Кеңесінің Төрағасының атына ресми сауал жолдауға негіз болды. Қазақ даласындағы қоныс аудару басқармасының заңсыз әрекеттерін әшкерелеген бұл құжаттың бастамашылары – Мұсылман фракциясының лидерлері Ахмет Бірімжанов пен Сәлімгерей Жантөрин еді (Мусульманские депутаты 1998: 10).

Қазақ депутаттық корпусының басты міндеті – Ресей империясы шеңберінде шынайы азаматтық теңқұқықтыққа қол жеткізу болды. Соның ішінде сот ісін жүргізу мен білім беру саласындағы әкімшілік кедергілерді еңсеруге ерекше көңіл бөлінді. Өйткені бұл салаларда орыс тілінің үстемдік етуі жергілікті халықты елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу мүмкіндігінен іс жүзінде оқшаулап тастаған еді.

А. Бірімжанов II Мемлекеттік Думада жергілікті соттарды реформалау жөніндегі комиссияның құрамына енді. Айта кетерлігі, сот жүйесін қайта қарау бастамасы «жоғарыдан» туындады: 1907 жылғы 16 наурызда Әділет министрі жергілікті соттарды қайта құру туралы заң жобасын ұсынды. Ол уақытта сот жүйесінің дағдарысқа тірелгені баршаға мәлім еді. Құжатты егжей-тегжейлі пысықтау мақсатында 24 депутаттан тұратын арнайы комиссия құрылып, наурыз айының соңында өз жұмысына кірісті (Государственная Дума 1907б).

1907 жылғы 14 сәуірде Ахмет Бірімжанов комиссия төрағасының атына ресми мәлімдеме жолдап, онда сот төрелігіндегі тіл саясатына баса назар аударды. Министрлік жобасына заңгерлік сараптама жасай отырып, А. Бірімжанов іс қағаздарын тек орыс тілінде жүргізу міндетіне (жобаның 11-бабы) үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол сот ісін жүргізуде ана тілін қолдану құқығын және судьялар үшін жергілікті тілдерді білу жөніндегі міндетті цензді енгізу мәселесін комиссия күн тәртібіне қоюды талап етті⁹. Осылайша, оның қызметі қа-

зақ халқының құқықтық оқшаулануын еңсеруге және империялық сот жүйесін ұлттық жағдайларға бейімдеуге бағытталды.

А. Бірімжановтың бастамасы Г. Мусин, Н. Коншин және С. Сундерлянд сияқты депутаттар тарапынан қолдау тауып, 1907 жылғы 2 мамырда комиссия отырысында талқылау нысанына айналды. Негізгі дау судьяның жергілікті тілдерді міндетті түрде білуі туралы талап төңірегінде өрбіді. Комиссия төрағасы басында бұл мәлімдемені қабылдамай тастауға тырысты. Ол өз уәжін үкіметтік заң жобасы ұлттық аймақтарға емес, тек империяның «ішкі» губернияларына ғана бағытталған деп негіздеме болды¹⁰.

Дегенмен, А. Бірімжанов пен оның жақтастары Орталық губерниялардың өзінде – Қазан, Самара, Симбирск, Тамбов өлкелерінде, сондай-ақ Қырымда өзге тілді уездердің бар екенін алға тартып, салмақты уәж келтірді. Депутаттар судьяның тілдік құзыреттілігінің болмауы сот жүйесіне нұқсан келтіріп, төрелік сапасын төмендететінін баса айтты. Халықтың құқығын қорғау шарасы ретінде олар көпұлтты аймақтардағы судьялар үшін арнайы емтихандық ценз енгізуді ұсынды: «Мұндай жағдайды болдырмау үшін аталған жерлердегі жергілікті судьяның негізгі жергілікті тілдерді білуін міндеттеу қажет және бұл біліктілік ол сайланған кезде тиісті емтихан тапсыру арқылы расталуы тиіс»¹⁰.

Соған қарамастан, комиссия мүшелерінің көпшілігі бұл талапты ресми бекітуге қарсы болды. А. Бірімжановтың оппоненттері соттың сайланбалылық принципіне сүйеніп, сайлаушылардың лайықты кандидатты өздері анықтайтынын алға тартты. Сонымен қатар, этникалық құрамы аралас аймақтарда (мысалы, Самара губерниясында) тілдік цензді енгізудің техникалық күрделілігіне назар аударылды. Мұндай өлкелерде бір тілдің басымдығын заңдастырудың қиындығы негізгі уәж ретінде айтылды.

Тілдік цензге қатысты туындаған қайшылықтар комиссия ішіндегі пікірлердің екіге бөлінуіне әкеп соқтырды. Судьялардың тілдік құзыреттілігін міндеттеуді талап еткен А. Бірімжанов, Г. Мусин және Н. Коншиннің табанды ұстанымына қарамастан, комиссия мүшелерінің көпшілігі мұндай талап бітістіруші судьяларды сайлау процесіне нұқсан келтіреді деп қауіптенді. Пікірталас қорытындысы ашық дауыс берумен аяқталды: көпшілік дауыспен (12 қарсы, 7 қолдау) жергілікті тілдерді білу жөніндегі арнайы цензді енгізу туралы ұсыныс қабылданбады¹⁰.

Сот жүйесінде ұлттық тілдерді қолдану мәселесін күн тәртібіне шығару – А. Бірімжановтың ең басты саяси еңбектерінің бірі болды. Мемлекеттік Думадағы қызметі оның саяси тұлға ретінде қалыптасуына және кәсіби шыңдалуына зор ықпал етті. Депутаттың сауалнамалық мәліметтерін талдау оның саяси өзін-өзі тану динамикасын айқын көрсетеді: егер қызметінің басында А. Бірімжанов өзін «партиясыз» деп көрсетсе, II Мемлекеттік Думадағы жұмыс барысында ол өзін Мұсылман фракциясымен нақты байланыстырды¹⁰.

Парламенттік кезең Ахмет Бірімжановтың мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуындағы шешуші белес болды. Оның жергілікті соттарды реформалау және әскери-далалық соттарды жою жөніндегі комиссиялардағы қызметі империяны демократияландырумен қатар, Дала өлкесінің құқықтық мәртебесін қорғау үшін стратегиялық маңызға ие болды. Сонымен қатар, ол Ш. Қосшығұловпен бірлесіп мұсылмандық білім беру туралы заң жобасын әзірлеуге және Мұсылман фракциясының саяси бағдарламасын жасауға елеулі үлес қосты. Осы тәжірибе оның ұлттық қозғалыстағы келесі қызметінің берік іргетасына айналды.

Дегенмен, монархиялық құрылым жағдайында А. Бірімжанов пен басқа да депутаттар империяның саяси жүйесінің негіздерін сақтауға ұмтылған бюрократиялық аппараттың қатаң қарсылығын еңсере алмады. Соған қарамастан, А. Бірімжановтың Думадағы қызметі ұлттық сана-сезімнің өсуіне қуатты серпін берген факторға айналды. Бұл процестің іс жүзіндегі нәтижесі – қазақ халқының сайлауға белсенді қатысуы және олардың жаңа

зиялы қауымға – білімді заңгерлер мен қоғам қайраткерлеріне бет түзеуі болды. Ахмет Бірімжанов осы шоғырдың ең жарқын өкілі еді.

Ақпан революциясынан кейінгі саяси режимнің ауысуы және Уақытша үкімет институттарының құрылуы бұрынғы империяның шет аймақтарындағы басқару аппаратының терең трансформациялануына жол ашты. Ә. Бөкейхановтың бастамасымен Қостанай уезінің комиссары лауазымына А. Бірімжанов ұсынылды¹¹. Оның кандидатурасын таңдауға іргелі заңгерлік білімі, либералдық-демократиялық құндылықтарға адалдығы және идеологиялық парадигмалардың күрт өзгеруі жағдайында тиімді жұмыс істей білу қабілеті негіз болды.

Комиссар лауазымында А. Бірімжанов өлкенің қордаланған күрделі мәселелерімен – жер дауынан бастап, мектеп білімінің мұқтаждығына дейінгі түйткілдермен бетпе-бет келді. Жалпы саяси тұрақсыздық, соғыс уақытының ауыртпалығы және негізгі реформаларды Құрылтай жиналысына дейін шегере берген орталық биліктің шешімсіздігі жергілікті әкімшіліктің жұмысын айтарлықтай қиындатты.

Уездік комиссариаттарға жүктелген басым міндеттердің бірі – 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлық бойынша тыл жұмыстарына мобилизацияланған қазақтарды қайтаруды ұйымдастыру болды. Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 14 наурыздағы қаулысы «бұратана» халықты мобилизациялауды ресми түрде тоқтатты (Алаш-Орда 1992: 21).

Комиссар қызметінің бұдан кем түспейтін маңызды бағыты халық ағарту жүйесін реформалау болды. Әр ауылда дерлік жұмыс істеп тұрған дәстүрлі мектептерді империялық әкімшілік іс жүзінде елеусіз қалдырып, оларды ресми бастауыш білім беру жүйесіне қоспаған еді. Оқу процесін «қалыпты жолға қою» мақсатында А. Бірімжанов мектептер мен медреселердің материалдық-техникалық базасы, оларды қаржыландыру көздері, оқушылар саны, сондай-ақ педагог кадрлардың сапалық құрамы мен олардың білім деңгейі туралы ауқымды мәліметтер жинауды бастады¹².

1917–1918 жылдар «Алаш» съездерінің өткізілуімен ерекшеленді. Қазақ қоғамының озық ойлы топтарының, сондай-ақ оның бағдарламалық ұстанымдарын қолдаған өзге этностардың қозғалысқа кең ауқымда тартылғанын өңірлік талдау көрсетеді.

Болашақ мемлекеттік құрылымды заңнамалық тұрғыдан қалыптастыру жағдайында құқықтанушылардың рөлі арта түсті. Осыған байланысты А. Бірімжанов Торғай облыстық съезінің сот комиссиясының құрамына енгізілді. Кәсіби заңгер ретінде ол жаңа сот жүйесінің жобасын әзірлеуде шешуші рөл атқарды.

1917 жылғы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезінде А. Бірімжанов Торғай облысынан Алаш-Орда Халық кеңесінің құрамына сайланды¹³.

Қазан төңкерісі және одан кейін басталған Ресейдегі Азаматтық соғыс большевиктерге қарсы оппозиция ішіндегі жүйелік қайшылықтарды одан әрі тереңдете түсті. Кеңестікке қарсы лагерьдің саяси тұрғыдан бытыраңқылығы мен ішкі тұтастығының болмауы Еуразия кеңістігіндегі болашақ мемлекеттік құрылым мен ұлттық мәселе жөніндегі өзара қарама-қарсы көзқарастардан туындады.

Осындай күрделі тарихи жағдайда «Алаш» партиясы шет аймақтардың автономия алу құқығын жоққа шығарған күштерге қарсы тұрып, іс жүзінде екі бағытта күрес жүргізуге мәжбүр болды.

Осы дағдарысты кезеңде А. Бірімжановтың дипломатиялық әлеуеті айқын көрінді. 1918 жылғы маусымда ол Самара қаласында Құрылтай жиынның мүшелері Комитетінің (Комуч) құрамына Алаш партиясы атынан өтіп, Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңірлерімен іс-қимылды үйлестіруге ықпал етті.

А. Бірімжановтың саяси салмағы 1918 жылғы қыркүйекте өткен Уфа мемлекеттік жиынының жұмысына қатысуы арқылы да дәлелденді. Бұл жиында ол қос мәртебеде – ұлттық ұйым жетекшісі әрі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшесі ретінде сөз сөйледі.

Сібір мен Орал өңіріндегі саяси күштердің кең ауқымы тарапынан оның заңдылығының мойындалуы А. Бірімжановтың жалпы мемлекеттік деңгейдегі беделін айқындай түсті.

Азамат соғысы кезіндегі саяси жағдайлар Алашорда үкіметінің таратылуына әкелді. А. Бірімжанов бастаған қозғалыс жетекшілерінің кеңес өкіметіне өтуі – ұлт зиялыларын сақтап қалу және жаңа жүйеде халық мүддесін қорғау үшін жасалған стратегиялық таңдау болды.

А. Бірімжанов Семей қаласында болған кезеңінде ұлттық зиялы қауымның өкілдерімен бірлесе отырып Ішкі істер министрлігінің «Түземдік бөлімшесіне» арналған жазбаны әзірлеуге қатысты.

Бұл жазбада біртұтас Ресей мемлекеті құрамындағы автономияны басқару жүйесін реформалау жобасы ұсынылды. Құжат авторлары жалпыресейлік мемлекеттік тұтастықты қалпына келтіру идеясына стратегиялық тұрғыдан берік екендерін атап көрсетті. Сонымен бірге олар кеңес өкіметіне қарсы күштерді топтастыру мақсатында «ұлттық ұмтылыстарды» уақытша шектеуге дайын екендерін мәлімдеді¹⁴.

Сонымен қатар, жоба билік органдарының институционалдық құрылымын елеулі қайта өңдеуді ұсынды. Атап айтқанда, бас өкілетті тұлғаның мәртебесі сынға алынған: «Главноуполномоченный по управлению киргизскими областями, составляющими автономию Алаш, по существу своему и по смыслу указа 4-го ноября 1918 года не может быть представителем отдельного Министерства, ибо, в сущности, он заменяет Алаш-Орду. Он должен быть органом национального управления киргизского народа. Поэтому он не может, быть зависим от Министерства внутренних дел и может подчиняться лишь Совету Министров. При Главноуполномоченном должен быть Совет, помимо товарищей его»¹⁴.

Аймақтық әкімшілік басқару мәселесінде А. Бірімжанов пен оның серіктері ұлттық басқару принципін ұсынды: «Осыған сәйкес қазақ халқы әкімшілік және милициялық басқару саласында қазақ ұлттық басқару органдарына бағынады. Сондықтан облыстарда, уездерде және болыстарда Бас өкілетті тұлғаға бағынышты жеке басқару органдары құрылуы тиіс».

«Алаш» жетекшілері жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне ерекше назар аударып, ұлттық земстволық модельді енгізуді ұсынды. Меморандумда облыстық және уездтік земство мекемелерін жалпы азаматтық құрылым ретінде сақтау ұсынылса да, болыстық земстволарды қазақ халқы үшін жеке бірліктер ретінде бөлу қарастырылған.

Бұл бастама көшпелі және отырықшы халықтың өмір салты мен терең әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне негізделіп дәлелденген¹⁵.

Алайда қолайсыз әскери жағдай мен Қызыл армияның шабуылы әкімшілік реформаларды аяқтауға мүмкіндік бермеді. А. В. Колчак үкіметімен және ұлттық автономия идеясына қарсы көзқарас танытқан басқа антибольшевиктік күштермен одақтасудың әрі қарай беделсізденуі стратегиялық курсты қайта қарауға әкелді.

1919 жылғы ақпанда Алаш-Орда жетекшілігі контрреволюциялық лагерьлермен ынтымақтастық перспективасына көңілі толмағандықтан, Кеңес өкіметінің жағында бірігу жөнінде келіссөздерді бастады.

Осылайша, Ақпан төңкерісінен кейінгі демократиялық өзгерістер бұрын экономикалық және азаматтық құқықтар үшін күресте шектелген ұлттық зиялы қауымның саяси қызметін заңдастыруға жағдай жасады. Бұл кезең қысқа болса да, А. Бірімжановтың қызметі бірқатар маңызды практикалық қадамдармен есте қалды: этносаралық қақтығыстарды болдырмау үшін жер комитеттерін құру, әскерге шақырылған жұмысшылардың оралуын ұйымдастыру, ұлттық білім беру жүйесін орнықтыру және Костанай уезінде земство құрылымдарын енгізу.

А. Бірімжановтың саяси өмірбаяны осы кезеңде жалпыұлттық қозғалыспен және парламентаризм идеалдарымен тығыз байланысты болды. Алайда Қазан оқиғасынан кейінгі дамудың радикалды бағыты осы реформалардың жүзеге асуын тоқтатып, ұлттық элитаны Азаматтық соғыс жағдайында мемлекеттік тұтастықты сақтаудың жаңа жолдарын іздеуге мәжбүр етті.

1920 жылдардың басында Қазақ АССР-де мемлекеттік құрылыс процесі мен іс-құжат жүргізуді қалыпқа келтіру қажеттілігі революцияға дейінгі кәсіби мамандарды басқару аппаратына тартуды талап етті.

А. Бірімжанов терең құқықтық білімі мен мол заң шығарушылық тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа билік тарапынан жоғары білікті маман ретінде сұранысқа ие болды. Қатаң идеологиялық шектеулерге қарамастан, ол Халық әділет комиссариатының сот құрылысы бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды¹⁶.

А. Бірімжановтың Халық әділет комиссариатындағы қызметі бірқатар жүйелік өзгерістермен ерекшеленді. Оның басшылығымен тергеушілерді сайлау институтын енгізу, халық соттарының кадрлық резервін құру және аудандарға шығатын халық соттарының жұмыс істеу механизмдері әзірленді.

Сонымен қатар, ол іс-құжат жүргізуді ұлттық жағдайларға бейімдеуге және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше мән берді.

Халықтың тұрмыс-салтын жақсы білетін А. Бірімжанов дәстүрлі құқық нормаларын (адат) егер олар кеңес декреттеріне қайшы келмесе, қолдануға рұқсаттылықты негіздеді. Бұл прагматикалық тәсіл Халық әділет комиссариатының тиісті циркулярларымен бекітілді (Султангазы 2019: 133).

Оның тікелей қатысуымен қалың мал мен құнды жою жөніндегі заң жобалары әзірленді, сондай-ақ өңірдегі алғашқы құқық курстарының бағдарламалары жасалды, бұл кәсіби құқықтық білім берудің іргетасын қалады¹⁷.

Оның ерекше беделінің айқын дәлелі – Қазақ АССР-дің сот қызметкерлерінің I-ші съезінің төрағасы болып сайлануы болды. РСФСР Жоғарғы Сотының Қазақ бөлімшесінде қызметін аяқтаған А. Бірімжанов өзін елеулі реформатор ретінде көрсетті. Қоғамды жедел жаңғырту жағдайында ол заң шығарудағы сараланған тәсілі арқылы этникалық мәдениетке қауіп-қатерді жұмсартуға және қазақ қоғамының жаңа тарихи жағдайларға құқықтық бейімделуін қамтамасыз етуге ұмтылды.

Талқылау

